Фольклор – тарихи оқиғалар мен өмір шындығына тікелей де, жанама да қатысы бар халық шығармашылығы. Халық шығармашылығының тарихи шындыққа қатынасы да әр қилы. Айталық, эпос пен ертегі немесе тарихи жырлар мен аңыздар тарихи оқиғаны түрлі деңгейде бейнелейді. Егер ертегіде тарихи шындықтың бейнеленуі өте сирек және көмескі көрінсе, қаһармандық жыр мен тарихи эпоста шындық айқынырақ болады. Ал оның есесіне аңыздарда болған оқиғаның ізі әлдеқайда айқын көрінеді. Бірақ аңыздар, барлық фольклорлық

шығармаға тән ерекшеліктен тыс қалмай, тарихи оқиғалар мен тұлғаларды едәуір өзгертіп, көркемдеп суреттейді. Бұл тұрғыда аңыздар, құрғақ жазба деректермен салыстырып қарағанда, болған оқиғаны көркем суреттеп, тыңдаушыға айрықша әсер етеді. Сол себепті аңыздарда халықтың түрлі тарихи даму кезеңдері мен әр тұста орын алған оқиғалардан алған түйіні, шығарған қорытындысы, көрнекті тұлғалардың іс-әрекетіне берілген бағалары сақталған деп тануға болады. Мұндай тұжырымдар шетелдік А. Н. Веселовский, В. Я. Пропп, В. К. Соколова, Н. А. Криничная сынды зерттеушілердің, қазақ фольклорының көрнекті ғалымдары Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Ш.Ыбыраевтардың іргелі зерттеулерінде кеңінен талданған.

## КІРІСПЕ

Қазақ хандығының тарихын зерттеуде аңыздардың маңызы зор. Қазақ фольклорында ел тарихынан хабар беретін мол аңыздар көмбесі сақталған. Онда тәуелсіз хандықтың басынан кешкен тарихи оқиғалары мен шындығы әр түрлі деңгейде көрініс тапты. Аңыздардың көне нұсқаларында тарихи шындықтың ізі көмескіленіп, оның орнын танымдық, ғибраттық мазмұндар басқан болса, кейінгі ғасырлардағы оқиғалар мен қайраткерлер туралы аңыздарда шындық пен шынайылық басым.

Жазба дерек көздері тапшы Қазақ хандығының зерттеушілер үшін халықтың өз аузымен айтылған тарихының маңызы зор еді. Сондықтан зерттеушілер назарына маңызды дерек көзі ретінде ілінген аңыздар қазақ фольклорлық мұраларының ішінде алғаш жазбаға түсіп, қалың жұртшылықтың қызығушылығын өзіне ерте аударды. Аңыздар дерегіне деген елдің қызығушылығы рухани құндылықтарды пайымдау маңызды мәселеге айналып келе жатқан бүгінгі заманымызда да арта түспесе, кеміген емес. Себебі тарихи деректік, ақпараттық мәлімет тұрғысынан қызықты аңыздардың көркем шығармашылық қазанында қайнап, сан ұрпақтың жан-дүниесінен, рухани таным сүзгісінен өтіп шыққан тағылымы да аса маңызды.

Біздің зерттеу нысанамызға арқау болып отырған «Әз-Жәнібектің Әбілқайыр ханға өкпелеуі» атты белгілі аңызда тарихи шындықтың ізі айқын, бірақ ол фольклорлық көркемдік әдіс-тәсілдермен берілген. Қазақ рухани танымына кең азық болған аталмыш аңыздың тарихи шындыққа қатысын, фольклорлық көркемдік ерекшеліктерінің қыр-сырын ашу – бүгінгі таңның өзекті мәселелерінің бірі.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Қай халықтың болмасын ауызекі тарихы және шынайы жазба тарихы бар. Ауызекі тарих фольклорлық туындылар арқылы қалыптасады. Халық туындыларында қазақ жұртының жеке ел болып қалыптасқаны туралы халық аңыздары да бар. Оның басым көпшілігін Алаша хан бастаған Үш жүз орданың құрылғаны туралы циклді аңыздар құрайды. Сонымен қатар тарихи оқиғаның шындығына аса жақын мазмұнға құрылған «Әз-Жәнібектің Әбілқайыр ханға өкпелеуі» атты аңыздық дерек бар. Бұл аңыз тарихшы Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты тарихи зерттеуінде алғаш жарияланды.

Шәкәрімнің «шежіресі» жарық көрген кезеңінен бастап жұртшылықтың назарын ерекше аударды. Бұған кезінде А.Байтұрсынұлы редакторлық еткен «Қазақ» газеті көңіл бөліп, аталмыш басылымының бірнеше санында қазақ тарихын зерделеуге ерекше еңбек сіңірген Ә. Бөкейхан [1, 437-441] аталмыш зерттеуге қатысты мақаласы жарияланады.

Кеңес дәуірінің 20-30 жылдарында орын алған кеңестік идеологияның салдарынан Ш. Құдайбердіұлының туындысы зерттеушілер назарынан шеттетілді. Кеңестік дәуірдің 70-80 жылдары Қазақ хандығының тарихы туралы «Көшпенділер» атты көркем роман жазған І.Есенберлин Шәкәрімнің зерттеуіне азық болған аңызды қайта жаңғыртты. Аңыздағы Қодан тайшының жоқтауы қазақ жыраулар поэзиясының туындылары қатарына қайта қосылды.

Аңыздың тарихилығы алғашқы зерттеулер біздің тарапымыздан «Моңғолдың құпия шежіресі және Қодан тайшы немесе Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным?» [2, 153-158] деген тақырыптағы мақалада және «Қазақ хандығы және тарихи аңыздар» атты зерттеу еңбекте қозғалды [3, 68-77]. Аталған зерттеулерді фольклорлық шығарманың көркемдік ерекшелігі тұрғысынан жалғастыру – аса маңызды мәселе.

Зерттеу методологиясына Қазақ хандығының құрылу оқиғасын баяндайтын, тарихи деректерге аса жақын аңыздардың жанрлық көркемдік ерекшелігін саралауға тарихи-салыстырмалы, типологиялық сараптама, гипотеза (болжамдау) әдістер-тәсілдері қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы аңыздың мазмұнына арқау болған тарихи оқиғалар мен оның кейіпкерлері туралы мағлұматтар зерделенеді. Типологиялық сараптама әдісі аңыздың көркемдік белгілері мен ерекшеліктерін тереңірек талдауға мүмкіндік ашады. Зерттеуде ғылыми мәні бұрынғы танымдарға қарағанда өзгеше сипаттағы гипотеза ұсынылады.

## НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеудің нәтижесінде «Әз-Жәнібектің Әбілқайыр ханға өкпелеуі» атты аңыздық деректегі тарихи шындықтың орын алу деңгейі, фольклорлық көркем тәсілдердің қолдану аясы, автордың тарихи жазбалар мен аңыздық деректерді ұштастыра баяндау тәсілі зерделенеді. Соның нәтижесінде фольклорлық «шындықтың» ерекшелігі мен халықтық шығармашылықтың қыр-сыры зерделенеді.

Қазақ хандығының құрылу оқиғасы туралы жазба деректер біздің заманымызға орта ғасырлық парсы-түркі нарративтік шығармалар арқылы жетті. Тарихи жазбалардың деректерінде Барақ хан балалары Керей мен Жәнібек сұлтандар басқарған ру-тайпалардың Шайбан Әбілқайыр билеген Жошы (Өзбек) ұлысынан Шағатай ұлысына қарасты Моғолстанға қоныс аударып, жаңа хандықтың негізін қалайды. Аталған тарихи оқиғаны баяндайтын қазақ аңызы бар. Оны алғаш рет «Әз-Жәнібектің Әбілқайыр ханға өкпелеуі» деген атаумен оқымысты ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты зерттеу еңбегінде атап өтті.

Қазақ хандығының тарихын ұлттың өзінен шыққан оқымысты кісінің қолымен жазылған «тұңғыш шежірелік» [4, 117], зерттеу еңбекте автор тарихи жазбалар мен соған сәйкес келетін ел арасындағы «ескі сөздерді» (фольклорлық туындыларды – авт.) біріктіре отырып зерттеу жүргізген. Бірақ ол ескі сөздердің барлығын дерлік қабылдамай, іріктеп, таңдап, «шежіре хабарына тура келгендерін» [5, 21] ғана алады. Демек, оқымысты ақын тарихи жазбалар мен аңыздық деректердің қисыны келген нұсқаларын іріктеп таңдаған. Сондықтан ақынның пайымынша, қазақ жұрты Шибан Әбілқайыр билігіне дейін Ноғай ханнан бөлініп, Әз-Жәнібек ханның билігімен ел болып қалыптасқан: «Біздің Жошы ұлысындағы аталарымыз Жошы нәсілінен Өзбек хан мұсылман болғанда, барша Жошы ұлысы өзбек атанып, онан кейін Әз-Жәнібек ханға еріп, Ноғай ханнан бөлінгенде қырғыз-қазақ атанған елміз» [5, 21].

Ноғайдан бөлініп шыққан Әз-Жәнібектен бергі кезеңде айтылатын «шынды-өтірікті» сөздерінің ішінен шежіре кітаптардың сөзіне «анықты дегенін һәм дұрыс шежіре хабарына тура келгендерін» ғана алған Шәкәрім ақын Жошы ұлысындағы хандардың билігін тізбелей келе, қазақ хандарының Шайбан Әбілқайырдан бөліну оқиғасы туралы былай дейді: «... Сол кезде Шибан нәсілінен Әбілқайыр хан деген 1452 жылы Қазан ханына да, Қырымға да қарамай, өз алдына Жошы ұлысының күншығыс жағын билеп тұрды. Сонда қазақтың ханы Әз Жәнібек хан еді, Әбілқайырға қарап тұрушы еді. Әз Жәнібектің шын аты Әбусағид еді. Тоқай-Темір нәсілінен Барақ хан баласы еді. 1455 жылы Әз Жәнібек хан немере інісі Шахкерей ханменен тамам қазақты алып, Әбілқайырға өкпелеп Шудағы Шағатай нәсілінен Есен Бұғаның баласы Тоғлуқ Темірханға қарады. Әбілқайырға өкпелеген себебін біздің қазақ былай айтады: «Біздің осындағы арғындардың арғы атасы Дайырқожа ханның сүйікті қазысы екен, әділ айтқандықтан «Ақжол» атаныпты және Қара Қыпшақ Қобыланды батыр да Әбілқайырға сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Әз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат бойынша қысас



қылып өлтіруге сұрапты. Әбілқайыр хан берейін десе, көп қыпшақ бұзылатын болған соң, бере алмай үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Әз Жәнібек хан өкпелеп кеткені біздің қазақта мақал болып жүрген «Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным?» деген сөз – Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп жылаған әкесі Қыдан тайшы деген кісінің сөзі. Аты – Қыдан еді, «тайшы» деген – өлеңші, ақын дегені. Біздің қазақтың арғын атасы Қотан ақын дейтұғыны осы және бұл сөзге бір дәлел арғын Жанак ақынның уақ Жарқын биге айтқан өлеңі. Жарқын би: «атаңда ақындық бар ма еді?», - дегенде, Жанак ақын айтыпты:

Алашта Арғын аға туған зерек,  
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.  
Арғынның түп атасы ақын Қотан,  
Өлеңге бізден ұста болса керек» [5, 22-23].

Шәкәрімнің жазба туындылар мен аңыздық деректерге сүйене жазған симбиоздық сипаттағы пікірі өзі ұстанған тарихи деректер мен ел арасында айтылатын ескі сөздерді салыстыра зерттеу арқылы қисынды ой беру ұстанымымен үндес келіп тұр, яғни оқымысты тарихшы өзіне таныс жазба деректерге халықтық аңыздың баяндауын қосады. Бұл орайда, шежірешіге З. Бабырдың «Бабырнама» атты мемуарлық шығармасы мен М. Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты тарихи еңбектері таныс болғандығы кітаптың кіріспе сөзінде жазылған ақпараттан тануға болады [5, 22-23]. М.Х.Дулатидың туындысында Керей мен Жәнібек бастаған Жошы ұрпақтары Шайбан Әбілқайырдан бөлініп, Моғолстанға көшіп кеткен оқиғасы бандалады [6, 272-247].

Тарихи зерттеулердің көкжиегімен қарағанда, ХҮ ғасырдың орта шенінде Әз-Жәнібек пен Шахкерейдің Жошы ұлысынан бөлініп, Шағатай ұлысына көшіп кету оқиғасының Шыңғыс империясының әр жерінде жиі көрініс алған типтік оқиғалардың бірі болатын. Бұл көрініс хандық билігі (бір орталыққа бағынған билік) ру-тайпалық бірлестіктердің бірігуіне негізделген көшпелі мемлекеттердің тарихтың белгілі бір кезеңінде күшейіп, одан кейін әлсіреп, күйреу шындығына жақын. Еуразия кеңістігіндегі көшпелі мемлекеттердің тарихын зерттеуші ғалымдар көшпелі хандықтың күшеюі мен ыдырауын адам саны мен материалдық ресурстары күшейген жекелеген тайпалардың жетекшілік роль алып, олардың хан билігіне ықпалының күшеюіне байланысты және тайпа көсемдерінің бір ханның маңына жиналу немесе одан бөлініп кету нәтижесінде жүзеге асатынын саяси құбылыс екенін жазады. Рубасы билердің хан жанына жиылуымен құрылатын көшпелі хандықтан сол билер өзіне қатысты руларды бөліп алып кете бастаса, онда ол елден бақ тая бастайды. Бұл көріністі Жошы ұлысының, Қазақ хандары Керей мен Жәнібекке саяси пана берген Моғолстанның да тарихынан көптеген мысалдар келтіруге болады. Олар тарихшы ғалымдардың зерттеулерінде егжей-тегжейлі талданған.

Шайбан Әбілқайыр билеген көшпелі Өзбек ұлысының ыдырауына бірлестіктегі өзге Шыңғыс тұқымдарының билік үшін таласы мен оларды қолдаған жекелеген рубасы билердің сепаратистік әрекеттерінің әсері болғандығы сөзсіз. Тарихи шындық болмысымен қарайтын болсақ, хан жанындағы саяси күш пен материалдық байлыққа, адам ресурсына ие тайпа көсемдері тарапынан саяси қолдау болмағанда және олардың соңына ерген ел болмаса, Керей мен Жәнібек Шайбан Әбілқайырдан бөлініп Моғолстан билеушісінен пана таба алмас еді. Демек, Арғын руының биі Дайырқожаның құнын даулаған хан Жәнібектің бас билеуші тарапынан әділ шешім таппағандықтан елін бөліп алып кетуі - сол кезеңдегі тарихи шындықтың болмысынан алшақ кетпеген.

Ал сол тарихи оқиғаға құн даулаған сюжеттік арна қосып, кейіпкерлер қатыстыра отырып баяндалған аңыздық бөлікте мынадай түрлі-түсті (палитралды) фольклорлық сарындар мен реңдік бояулар бар:

1. Тарихи оқиғардың мезгілін шатастыру (фольклорлық анахронизм). Шәкәрімнің жазуынша, Әз-Жәнібек қазақ жұртын Ноғай ханнан бөліп алып кеткеннен кейін біршама уақыт Жошы ұлысының шығыс өлкесін билеген Шайбан Әбілқайыр ханға қарайды. Бұл, сөз жоқ, фольклорлық анахронизм көрінісі. Себебі Ноғай Ордасының күйреуі – Шайбан Әбілқайыр хан 40 билік жүргізген Өзбек хандығынан соң бірнеше ғасырдан кейін орын алған

тарихи оқиға. Бұл туралы қазақ жұрты арасына кең тараған Ноғай мен қазақтың айырылуы туралы тарихи өлең-жырлар (Ор орманы күйген күн, Орманбет хан өлген күн), «Ел айырылған» күй аңызы сынды фольклорлық туындылар сақталған.

2. Кезбе қаһарман. Аңызда түркі тектес халықтардың эпостық жырларына ортақ кейіпкер, сюжеттік генезисі XIV ғасырда Жошы ұлысында болған оқиғаларға жетелейтін, «Қырымның қырық батыры» циклды эпосының қаһарманы, «Ер Едіге» жырындағы «тоғыз батырдың» бірі Қарақыпшақ Қобыландының тарихта нақты орын алған Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысынан бөлініп кету оқиғасында жүруі, яғни «фольклорлық кезбе кейіпкердің» кездесуі. XX ғасырдың басында Қобыланды батыр жыры туралы бірнеше зерттеу еңбек жазған Ә.Бөкейхан Қобыланды батыр бейнесіне қатысты көріністерді арнайы талдай келе: «...Жоғары жазғанымнан анық болар: «Қобыландыда» ақын қосқан тарихқа тура келмейтін көп қосымша бар. Қазақ тарихына пайдалы сөз «Қобыландыда» аз көрінеді» [4, 135-138], - деп жазады. Зерттеушінің бұл пікірі фольклорлық шығарманың тарихқа қатыстылығы турасында айтылғаны сөзсіз.

3. Күн дауы (Түркі жұртына ортақ эпос қаһарманы Қарақыпшақ Қобыланды батырдың жазаға тартылмауы). Ағалы-інілі Өз-Жәнібек пен Шахкерейдің Әбілқайыр ханнан бөлінуіне себеп болған нақты оқиға – Жәнібек ханға сүйікті Арғын биі Дайырқожаны Қарақыпшақ Қобыландының өлтіруі. Дайырқожаның құнын даулағанда Шайбан Әбілқайыр әділ шешім бермей, хан-сұлтандар өздеріне қарасты қазақтарды бөлек алып, «Шағатай нәсіліндегі Есен Бұға баласы Тоғлуқ Темірханға» көшіп кетуі;

4. Тарихи жазбалар мен аңыздық деректердің қосарлануы (симбиозы). Аңызда орта ғасырлық түркі-моңғол жазбаларындағы және қазақ шежірелік аңыздарында әртүрлі фонетикалық ауытқулармен аталатын Қодан, Дайыр (кожа) сынды кейіпкерлер есімдері, олардың іс-әрекеттері баяндалады;

5. Ғұрыптық фольклор үлгісі. Оқиғаның желісіне жоқтау жыр еніп, Қытан (бүгінгі әдебиеттануға Қодан деп орнықты – авт.) тайшыдан қалған «Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді құлыным?» деп келетін жыр жолдары оқиға сюжетіне арқау болады. Қазақ фольклорында атақты жыраудың салттық жоралғыны орындайтын көріністер жиі кездеседі [7, 186-189].

6. Ақындар айтысы. Арғын Жанақ ақынның уақ Жарқын биге арғын тайпасының түп атасы Қодан туралы айтқан өлеңінің үзіндісінің ұсынылуы.

Қазақ аңызы түркілік эпос қаһарманы Қобыландыны, нақты тарихи тұлғалар Шайбан Әбілқайырды, қазақ хандары Керей мен Жәнібектерді және ертеден жырланып келе жатқан «шежірелік аңыздарында Үш жүзді құрған бидің бірі ретінде саналатын Қодан мен Арғын руының түп атасы Дайырқожа сынды аңыздық кейіпкерлерді бір оқиғаның маңына жинаған. Фольклортануда мұны «сюжеттік тұтастану құбылысы» деп атайды.

## ТАЛҚЫЛАУ

Фольклордағы сюжеттік тұтастану әр кезеңде болған оқиғалар мен өмір сүрген кейіпкерлерді бір оқиғаның сюжеттік желісіне жинақтайды. Бұған мысалдар өте көп. Ал біз сөз етіп отырған аңыздағы жинақтау – сол тұстағы шежірелік және аңыздық деректермен құпталатын, орайы келетін қисынды көрініс болып шыққан. Себебі, біріншіден, халық жадында туысқан ноғай мен қазақтың бөлінуі туралы тарихи өлең-жырлар, «Ел айырылған» атты күй аңызы бар. Күйдің кіріспе бөлігінде айтылатын тарихи жырдың бір үзіндіде Қарақыпшақ Қобыланды екі елдің-қазақ пен ноғайдың айырылуына себеп болған кісі. Қазақ жыр аңыздары:

Ноғайлының ну елі,  
Күңіренді, қайғырды.  
Қарақыпшақ Қобыланды,  
Қара орыннан айырды.  
Ел қанаты қайырылды, - деп жырлайды.

Екіншіден, біздіңше, қазақ аңыздары сол тарихи жырдағы «Қара Қыпшақ Қобыландының елді қара орнынан айырып, ел қанатының қайырылу» оқиғасының мән-жайы ретінде Дайырқожаның Қобыландының қолынан қаза табуы деп жалғастырады. Оның құнын даулаған Әз-Жәнібек қазақтарды бөліп алып кетіп, содан бауырлас халық екіге айырылады. Осылайша, жыр мен аңыз бір-бірін толықтырып, сюжеттік шығармаға айналады. Ал жоқтау жырдағы «Адасқанын жолға салдық // Бұл ноғайлы елінің» деген жыр жолдары – қазақ пен ноғайдың біртұтас ел болғанының нышаны.

Үшіншіден, аңызға қазақ шежірелік деректеріндегі «Бұрынғылардан айтылып жүрген бір сөз бар еді: қыпшақ бұзады, арғын түзейді. Қыпшақтың қарасы (Қаракыпшақ –авт.) ашуланшақ келеді» [8, 36] деген қазақтың ескі сөзінің танымы енген.

Бұған қоса, аңыздағы Қодан тайшы мен Дайырқожа – түркілік эпос қаһарманы Қаракыпшақ Қобыланды сынды аса танымал кісі болмаса да, қазақ шежірелік аңыздарында тұрақты аталып отыратын кейіпкерлер. Қазақ шежірелік аңыздарының бірінде Құтан (Қодан) – Арғын руының арғы атасы. Оны қазақ жыр-аңыздары «сөзге ұста болған ақын кісі» және Үш жүздің құрылуына атсалысқан үш бидің бірі деп таниды.

Қодан (Қотан, Құтан) атты кісінің шежірелік аңыздық кездесуі кездейсоқтық емес. Мысалы, орта ғасырлық түркі-парсы, моңғолдық тарихи еңбектерде «Қотан» (Қоңқотан) деп аталатын ру аты және сол рудан тараған Дайыр кісі есімдері туралы деректер кездеседі. Сонымен қатар онда Қаракыпшақ Қобыландының қолынан баласы Дайырқожа өлгенде Қодан тайшының қайғыланып, зар төгетін көрінісіне ұқсас оқиға сюжеті кездеседі. Ол Шыңғыс хан мен оның ордасындағы беделді кісінің арасында болған оқиғалардың бірінде орын алған. Онда Шыңғыс ханның алдында қастықпен өлтірілген баласын жоқтап, күштінің әлсізге көрсеткен зорлығына қайғырып, жоқтау жыр айтқан кейіпкер бар. Оның есімі – Менілік (Мөңілік)<sup>2</sup>, руы – Қоңқотан (Qongqotat). Ол – Шыңғыстың әкесі Есукейдің інідей болған досы, өз әкесі – Чирқа (Сарақа).

Татарлардың қолынан уланған Есукей өлер алдында оны қайын жұртына тастап кеткен Темучинді алдыруға жұмсайды және оған артында қалып бара жатқан әйелі мен балаларын аманат етеді [9, 14-15]. Бұл оқиғаны «Моңғолдың құпия шежіресі»<sup>3</sup> былайша суреттейді: «Чағам (бала-шаға деген сөзді еске түсіреді – авт.) менің Менілік, ұлым кішкентай еді. Менің ұлымды-Төмучинді күйеулікке қалдырып, қайтып келе жатқанда, жол бойында татар адамдары тойлатып жатыр екен. Шөліркеп түсіп едім. Өштелдім. Ішім жаман ауырып тұр. Қаршадай қалған бауырларыңды, жесір жеңгелеріңді қалай асырауды сен біл. Ұлым Төмучинді тез барып алып кел. Чағам менің, Менілік!» [8, 52].

Менілік Темучинді елге алып келгенше, Есукей батыр қайтыс болады. Жетім қалған Темучин жерге етпетінен құлап жатып, қатты қайғырғанда, Қоңқотанның Чирқасы оны былайша жұбатады:

«Табан балық сықылды, неліктен  
Табансыз қайғырасың, сен  
Тұғұрға шерікті бекітейік деп,  
Келіскеніміз қайда?!  
Теңбіл балық сықылды, неліктен  
Діңкенді құртып қайғырасың, сен  
Нармай ұлысты құрайық деп,  
Келіскеніміз қайда!» [10, 53].

Менілік мезгілсіз қайтқан досының аманатын орындап, жетім қалған Есукей балаларына өгей әке ретінде болып, оларға көп жақсылықтар жасайды. «Менілік ечеке, – деп жазады

<sup>2</sup> Моңғол жазба ескерткіштерінің қазақша нұсқаларында бұл кісінің есімі бірде Менілік, бірде Мөңілік деп беріледі. Орта ғасырлық түркі жазбаларында – Мүңлік. Ағылшын тіліндегі аудармасында – Mōnglik. Біздер қазақ тіліне аударылған нұсқаларды бөліп-жармай пайдаландық -авт.

<sup>3</sup> Моңғол жазба ескерткіштері қазақ тіліне бірнеше том болып аударылды. Біздер мәтіндерді сол аудармалардан алуды жөн санап отырмыз - авт.

«Түрік шежіресі», – Шыңғыс ханның қызметінде болды. Оның анасын алғанда, Шыңғыс он үш жаста еді. Сол уақыттан өзі өлгенше соғыста да, жақсы күндерде де, жаман күндерде де оның қасынан ажырамай, оның қызметінде болды. Отырғанда да ханның оң жағында басқалардан жоғары отырар еді» [11, 41]. «Ечеке», Әбілғазының жазуынша, «ата» деген ұғымды білдіреді [11, 41].

Шыңғыс пен Жұмақа арасына өшпенділік туып, анда болған достар жау болып ажырағанда, Қоңқотандық Менілік (Мөңілік) жеті ұлымен Шыңғысқа қосылады [12, 149]. Шыңғыс хан тағына отырғанда, оны мыңбасы етіп бекітеді [12, 258]. Уақыт өте келе Есукей ұрпағына қамқоршы өгей әке Меніліктің өз бауырынан өрбіген жеті ұлы мен Шыңғыстың інілері арасында өшпенділік туындайды. Олар бірде Шыңғыстың бауыры Қасырды соққыға жықса [10, 209], енді бірде Отчығынды қорлайды [10, 212-213]. Ақырында Қоңқотан Менілік әкей жеті ұлын ерітіп Шыңғыстың үйіне келеді. Сол кезде Отчығын өзін қорлаған Меніліктің баласы Теб-теңгірмен үй ішінде күресе жөнеледі. Теп-теңгірдің малақайы от басына түсіп қалады. Менілік әкей малақайды алып, қайғырып, дұға оқып, қойнына тығады. Шыңғыс қаған оларға сыртқа шығып күресіндер дейді. Отчығын Теб-теңгірді сыртқа алып шығып, күні бұрын өзі дайындап қойған үш палуанын жауып жібереді. Олар Теб-теңгірдің арқасын сындырып өлтіреді [10, 209-214].

Үйге қайта енген Отчығын былай дейді: «Теб-теңгір мені аяққа жығылтқан еді. Күш сынасайық десем көнбей, сылтауратып жатып алды. Алдамшы нөкер екен!», - дегенде, Менілік әкей не болғанын сезіп, көзінің жасын төгіп:

Тайр етүкенді  
Томпақтай болған кезден,  
Теңіз дариялары  
Бұлақтай болған кезден,  
Бірге қайнасқан едім! [10, 214], - дейді.

Аталған жыр үзіндісінде Менілік ечеке Шыңғысқа кішкентай кезінен қамқор болғанын, оған жақсылықтар жасағанын мегзеп тұр. Жырдың осы ұғымдағы мазмұнын «Моңғолдың құпия шежіресінің» екінші бір нұсқасынан да көруге болады. Онда Мөңілік қарияның көз жасы мынадай жолдармен берілген:

Жауыр болған Өтүкенді  
Жалпақ болғаннан бері,  
Теңіз суы  
Бұлақ болғаннан бері  
Нөкерлестім мен [12, 307-308].

Қарияның көз жасын төге отырып о бастағы моңғол жұртының кішкентай Өтүкеннен үлкен елге айналған ұзақ жолын және теңіздің бұлақтан құралатын ұзақ мезгілді тұспалдай келе, «нөкерлестім» дегені – жеті баласымен Шыңғысқа ертеден қосылып, сенімді дос болғандығынан мегзегендігі. Олай болса, Қоңқотандық Менілік (Мөңілік) ата – өзі қамқорлық жасаған кісіден әділдік таппай, жақсылықтың орнына қастық, зорлық көріп, соған қайғырған жан. Осыған ұқсас көріністі Дайырқожа өлгенде Қодан тайшы да қайталайды. Оның «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!?» деп жырлауы – зорлықтан шыққан зар.

Екі сюжет арасында мынадай параллельдер бар:

Біріншіден, қапыда баласынан айырылған Қоңқотандық Менілік әкей Шыңғысқа істеген жақсылығын айтып өкіне жыласа, «сексеннен асып тоқсанға таянған» Қодан тайшы Ноғайлы еліне көп қамқорлық жасағанын тілге тиек етіп зарлайды:

Қарақыпшақ Қобыландыда  
Нең бар еді, құлыным?  
Сексен асып, таянғанда тоқсанға,  
Тұралмастай үзілді ме жұлыным.  
Адасқанын жолға салдық  
Бұл ноғайлы елінің.  
Аққан бұлақ, жанған шырақ

Жалғыз күнде құрыдың!  
Қара қыпшақ Қобыландыда  
Нең бар еді, құлыным!

Қоңқотандық Меніліктің Шыңғыс ханға көрсеткен қамқорлығы мен Әбілқайырдың жанындағы Қодан тайшының Ноғайлы жұртына қамқоршы болған бейнесі және олардың бастарынан өткізген оқиғалары (балаларының қапылыста қаза туып, зорлықшыларға өзі қызмет жасаған әміршінің әділ жаза қолданбауы) бір-біріне аса жақын.

Екіншіден, моңғолдық тарихи-шежірелік туындыларындағы Қоңқотан руына қатысты айтылатын оқиғалардың қазақ аңызымен сюжеттік тұрғыдан ғана емес, кейіпкерлердің аттары арасында да жақындық, үндестік бар. Моңғолдың Қоңқотан («қоңқ», Әбілғазының жазуынша, моңғол тілінде үлкен дегенді білдіреді [9, 41]) руының атауы мен қазақ шежірелері бірде «ер», бірде «бай» деп атайтын Қотан (Құтан, Қодан) есімдері, сондай-ақ Шыңғыс әскерінде мыңбасы болған Дайыр мен Орта жүз басшысы Дайырқожаның есімдері бір-біріне өте жақын. Жалпы, Қоңқотан атты рудан тараған ұрпақтардың іс-әрекеттері Шыңғыс ханның өмірі мен қызметіне қатысты баяндалатын тарихи оқиғаларда бірнеше рет аталады.

Моңғол деректемелерінде Дайыр атты кісі – Шыңғыс ханнан мыңбасылық лауазымды алған әскер басшыларының бірі [12, 258]. Дайырдың есімі қазақ хандарының жылнамашысы Қадырғали Жалайыридың жылнамасында аталып, оның Менілік ечегенің ұрпағы екендігі айтылады. «Мыңер Дайр, сол қауым қоңқутан ері. Соның барлық ұрығы Мұңлик ечигінің руымен» [13, 71], – деп жазады ол.

Қазақ аңыздарындағы Арғын тайпасының түп атасы Қодан (Құтан) «Моңғолдың құпия шежіресіндегі» Қоңқотан руының, ал оның баласы Дайырқожа (оның есіміндегі «қожа» қосымша сыңары – кейінгі замандағы мұсылман дінінің әсерінен пайда болған қосымша лақап – авт.) Шыңғыстың әскерінде мыңбасы болған Дайырдың прототипі болуы ғажап емес.

Мұндай ортақ көріністердің екі халықтың мұрасында сақталып жеткені кездейсоқтық емес. Бұл халықтар – бір жүйенің (Шыңғыстық билік), бір танымның (көшпенділік) шекпенінде болған жұрт.

Фольклорлық және тарихи-шежірелік жазбаларға сүйенген біздің пайымызша, қазақ аңыздарындағы Қодан тайшы мен Дайырқожа - Қоңқотан руы ұрпақтарының Шыңғыс ханға істеген жақсы істері мен араздық түскен оқиғалардың жаңғырығынан туындаған кейіпкерлер. Қодан – Қоңқотан руының бейнесі, ал Дайырқожа – сол рудан шыққан мыңбасының прототипі. Сондықтан қазақ арасында Қотан әскери басшы ретінде де айтылады. Оның әскери басшы болғаны Көтеш ақынның оны «ер» деп бағалағынан білінеді:

Сұрасаң арғы атамды - ер Құтанды,  
Сұлтаны Бекәзизден ол бата алды.  
Мейрамұлы, Қарашаш бір қыз туып,  
Қуандық, Сүйіндік боп сонда атанды» [8, 4].

Қотанның түп бейнесінің моңғолдың аңыз, шежірелеріне тірелетіндігін айқындайтын қосымша бір белгі – оның есіміне қосарланып отырған «тайшы» деген атау. Бұл атау – моңғол-қалмақ билеушілерінің қытай тіліндегі лауазымы. Оның түркі тіліндегі мағынасы «жағымды дауыс иесі» [11, 47] немесе «ұлы бахшы» [13, 66] дегенді білдіреді. «Бахшы» түрік тілдерінде «жыршы, ақын» деген мағына да қолданылады. Басқаша айтқанда, Қодан тайшы бейнесінде қазақ фольклорында жиі кездесетін хан жанында кеңесші, ақылшы қызмет атқаратын жырау бейнесінің белгісі бар. «Моңғолдың құпия шежіресінің» дерегіне қарағанда, оның әкесі Чирқа (Шырқа) мұндай өнерден құр алақан болмаған. Жоғарыда атап өткеніміздей, Чирқа – Есукей әкесі өлгенде қайғырған Темучинге жұбату айтатын жыршы кісі.

Біздіңше, қазақ тілінде «ән, өлең-жыр айт» деген мағына беретін «шырқа» дейтін етістік мағынадағы сөз бен Шыңғысты жырмен жұбатқан Чирқа есімінің арасында мағыналық байланыс бар секілді. Бұл сөз біздің қолданысымызға моңғол тілінен дауысып келуі ғажап емес. Демек, қазақ аңызында Қоданға «тайшы», яғни жыршы деген сөздің қосарланып, оның жоқтау жыр айтып жүргені негізсіз емес. Ол – ата-бабасынан бері хан жанында жыр толғайтын жырау.

Дайырқожаның өлімі Қоңқотандық Меніліктің ұлы Теб-теңірдің Шыңғыс қағанның інісі Отчиғиннің қолынан қапылыста қаза табуын елестетеді, яғни күштінің әлсізге көрсеткен зорлығы, әділетсіздігі. Мұның үстіне Менілік қария - өзі көп жақсылық жасаған кісіден қорлық көріп, соның күйігіне қайғырған жан. Күйіктен күйінген қарияның бейнесі «сексеннен асып тоқсанға таянған» Қодан тайшыда қайталанған.

Ортақ фабуланың сақталып жеткені кездейсоқтық емес. Шыңғыс туралы аңыз әңгімелер қазақ арасында ертеден бері айтылып келген. Оның басты себебі – қазақ жұртын билеген хан-сұлтандар Шыңғыс тұқымынан болғандығы және сол замандағы ру-тайпалардың қазақ жұртын құрағандығының әсері. Әрине, көне аңыздың барлық детальдары жаңатырылмаған, тек жалпы сүлдесі (фабуласы) жаңартылған. Олай болса, Қоңқотан руының Шыңғыс хан тұсында атқарған қызметтері түрлі аңыздарға түсіп, халық арасына кең тараған болып шығады. Бірақ аңыздардың мазмұны «қазақыланып», түрлі өзгерістерге ұшырап, толықтырылып көне дәуірден жетіп, қайта жаңғырған жаңа шежірелік аңызға қазақ қоғамының хал-ахуалына, оның сұранысы мен танымына қарай көптеген қосымшалар қосылған. Өйткені фольклорға үнемі жаңғырып, толығып отыру тән.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, ХУ ғасырдың орта шенінде қайта құрылып жатқан Қазақ ордасы халық санасында бұрынғы Шыңғыс хан құрған көшпелі мемлекеттің қайта жаңғыруы есебінде орын алған. Сол тарихи оқиғаның салдарынан көне аңыздар қайта жаңғырып, көміскеленген оқиғалар өзге мазмұнмен қайта жанданған. Көне түркі-моңғол аңыздарының жаңа оқиға тұсында жаңғыруына себеп болған нәрселер мыналар:

1. Әбілқайыр да – Шыңғыс хандай құдіретті, қаһарлы биліктің символы.
2. Қоңқотан руынан шыққан Менілік ата-бабасынан бері хан жанында жыр толғаған, Шыңғыс ханға көп жақсылық жасаған жырау, қария кісі болса, Қодан тайшы – сол Шыңғыстың бір жұрты Әбілқайыр билеген ноғайлыға көп жақсылық жасаған, жасы тоқсанға таяған қарт.
3. М.Х. Дулати Шайбан Әбілқайырдан бөлінген жұртты Керей хан мен Жәнібек сұлтандар басқарды деп жазса, Шәкәрім қазақтың ханы Әз-Жәнібек еді, ол немере інісі Шаһкереймен бірге бөлініп кетті деп баяндайды. Басқаша айтқанда, «Тарих-и Рашидиде» қазақтың ханы – Керей, Жәнібек – сұлтан, ал Шәкәрімде Жәнібек те, Керей де – қазақтың хандары. Оның үстіне оқымысты ақын Жәнібекке «әз», Керейге «шаһ» лақабын қосқан және Жәнібектің шын есімі Әбусағид деп толықтырған;
4. «Тарих-и Рашиди» Керей мен Жәнібекті Моғолстан ханы Есенбұға қарсы алды десе, Шәкәрім Есенбұға баласы Тоғылық Темір ханға қарады дейді. Тарихи шындықта Тоғылық Темір – Моғолстанның ХІУ ғасырдағы алғашқы ханы. Ал Есенбұға тарихи хронологиялық ретпен санағанда, Моғолстанның 8-ші ханы.
5. М. Х. Дулати қазақ хандарының бөлек кетуін Дешті-Қыпшақта орын алған бұлғақ, сепаратистік әрекеттермен байланыстырса, қазақ аңызында Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлінуіне себеп болған нақты оқиға – ханның сүйікті қазысы Дайырқожаның Қарақыпшақ Қобыландының қолынан қапылыста қаза табуына байланысты туындап, күн дауынан туындайды.

Аңыздар, шежірелік деректер арқылы қалыптасқан халықтың саяси танымында қайта құрылып жатқан Қазақ ордасы – баяғы Шыңғыс хан құрған көшпелі мемлекеттің қайта жаңғыруы. Сондықтан тарихи оқиғалар көне аңыздар қайта жаңғырып, көмескеленген оқиғалар жаңа мазмұнға ие болады. Осылайша халық аңызы Шыңғыс хан туралы шежірелерде көп айтылатын Қоңқотандық жырау-жыршылар (Чирқа мен Менілік) бейнесін Қодан тайшының бойына жинақтап, оны жаңа хандық құрып жатқан Әз-Жәнібек пен Керейдің (Шыңғыс құрған хандықты қайта жаңғыртушылар) жанынан көруге ұмтылады.

Түптеп келгенде, Шыңғыс хан мен оның замандастары туралы айтылатын көне моңғолдық аңыздардың жұқа жұрнақтары Қазақ хандығының құрылуына қатысты айтылатын

аңызға еніп, жаңа болып жатқан тарихи шындықты түрлі бояулармен қанықтырған. Оның үстіне бұл аңыз тарихи аңыздардың халықтың білімі мен тарихи танымының тереңдеуіне байланысты үнемі толықтырылып, жаңартылып отырғанына да жарқын бір мысал бола алады.

## ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің (IRN № BR 21882223) қаржылық қолдауымен жүзеге асырылды.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Akkuly S. Alikhan Bukeikhan. Research, Articles, Interview. Almaty: International Publik Fund “Yer Zhanibek”, 2016. – 528 p.
- 2 Әбсадықов А. Моңғолдың құпия шежіресі және Қодан тайшы немесе Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным? «Шоқан тағылымы-12» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Көкшетау, 2007. – Б.153-158.
- 3 Әбсадықов А. Қазақ хандығы және тарихи аңыздар. Зерттеу мақалалар. –Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2017. – 342 б.
- 4 Букейхан А.Н. Казахи.- Астана: Типография ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. 2014. – 280 с.
- 5 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі.-Алматы: Қазақстан-Сана, 1991. – 80 б.
- 6 Dughlat Muhammad.Haidar. The Tarikh-I-Rashidi. A history of the Moghuls of Central Asia. London Sampson Low, Marston and Company LD. Originally published 1895, Published by Forgotten Books 2013. – 535p.
- 7 Absadyk A. Khan Abilay & folklore. Monograrh/ Qostanai: Shapaq, 2020. – 216 p.
- 8 Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. 10-том. - Павлодар: ЭКО, 2013. – 490 б.
- 9 The Secret History of the Mongols A Mongolian Epic Chronicle of the Thirteenth Century. By Igor de Rachewiltz The Australian National University. 2015. – 270 p.
- 10 Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. II том. Лұбсанданзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын тобчы (Алтын түйін) демек-дүр. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 305 б.
- 11 Әбілғазы. Түрік шежіресі. - Алматы: Ана тілі, 1992. – 208 б.
- 12 Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. I том. Моңғолдың құпия шежіресі. / Көне моңғол тіліндегі түпнұсқалық транскрипциясын, ғылыми-мағыналық аудармасы мен түсіндірмелерін, көрсеткіштерін жасаған Н.Базылхан. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 400 б.
- 13 Жалайыри Қ. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.

Материал 11.06.2024 баспаға түсті

### **Обида Аз-Джанибека Абулхаир-хану: историческое событие и фольклор**

А.А. Абсадық<sup>1</sup>, А.А. Баяхметова<sup>1</sup>, Г.А. Абылкасов<sup>2</sup>, А. Б. Саулембаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынулы, Костанай, 110000, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

<sup>3</sup>Костанайской городской школы №23 имени М.Козыбева, Костанай, 110000, Республика Казахстан

*Наряду с письменными сведениями для исследователей истории Казахского ханства важно изучение данных через устное народное творчество, т.е. фольклор. Фольклор – это народное наследие, прямо и косвенно связанное с историческими событиями и реальностью*

*жизни. Предания – вид народного творчества, отличающийся от других фольклорных произведений исторической ценностью и значением.*

*В преданиях заметны следы событий, происходивших в истории, даже в некоторых случаях сюжет исторических преданий совпадает с содержанием исторических документов. Именно поэтому предания, на необходимом уровне, рассматриваются и как источники исторических сведений. В фольклоре казахского народа кроме цикловых преданий, связывающие создание Казахского ханства с мифическим героем Алаша-ханом, встречаются народные предания, повествования которых соответствуют историческим событиям. Одно из таких преданий рассматривается в исследовании Шакирима Кудайбердиулы «Родословная тюркских, киргизско-казахских, ханств». Повествование называется «Обида Аз-Жанибека на Абулхаир-хана».*

*Историзм данного предания соответствует письменным сведениям об отделении Керей и Жанибека от Шайбана Абулхаира с целью основания отдельного ханства, но события этой истории раскрываются традиционными фольклорно-художественными штрихами, применением устойчивых сюжетов и мотивами фольклорного анахронизма. Именно поэтому возросла ценность исторического события, углубляющее исторические познания слушателя о стране и затрагивающие его чувства посредством эстетического произведения словесного искусства. Поэтому изучение данного произведения с точки зрения фольклорного материала помогает выявить различия между исторической действительностью и историческим познанием народа.*

*Ключевые слова. казахское ханство, фольклор, историческая действительность, Керей-Жәнібек, Кодан тайшы, скорбный плач.*

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Akkuly S. Alikhan Bukeikhan. Research, Articles, Interview. Almaty: International Publik Fund «Yer Zhanibek», 2016. –528 p.
- 2 Абсадыков А. Тайная история монголов и Кодан тайшы или Зачем ты связался с Кобыланды батыром, мой сын? Материалы международной научно-практической конференции «Валихановские чтения-12». Кокшетау, 2007. – С.153-158. [на казахском языке].
- 3 Абсадыков А. Казахское ханство и исторические предания. Исследовательские статьи. -Алматы: Издательство «Айғаным», 2017. - 342 с. [на казахском языке].
- 4 Букейхан А.Н. Казахи.- Астана: Типография ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. 2014. –280 с.
- 5 Кудайберды-улы Ш. Родословная тюрков, киргиз-казахов и династии ханов. - Алматы: Казакстан-Сана, 1991.–80 с. [на казахском языке].
- 6 Dughlat Muhammad.Haidar. The Tarikh-I-Rashidi. A history of the Moghuls of Central Asia. London Sampson Low, Marston and Company LD. Originally published 1895, Published by Forgotten Books 2013. –535p.
- 7 Absadyk A. Khan Abilay & folklore. Monograrh/ Qostanai: Shapaq, 2020. – 216 p.
- 8 Копейули М.Ж. Сборник сочинений в 20 томах. Том 10. - Павлодар: ЭКО, 2013. -490 с. [на казахском языке].
- 9 The Secret History of the Mongols A Mongolian Epic Chronicle of the Thirteenth Century. By Igor de Rachewiltz The Australian National University. 2015.-270 p.
- 10 Монгольские источники по истории Казахстана. Том II. Лубсанданзан. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005.-305 с. [на казахском языке].
- 11 Абулгазы. Родословня тюрков. – Алматы: Ана тілі, 1992.–208 с. [на казахском языке].
- 12 Монгольские источники по истории Казахстана. Том I. Сокровенная история монголов. – / Транскрипция старого монгольского языка, научно-смысловой перевод и пояснения Н. Базилхана. - Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 400 с. [на казахском языке].
- 13 Жалайыри К. Сборник летописи. -Алматы: Казакстан, 1997.–128 с. [на казахском языке].



Материал поступил в редакцию журнала 11.06.2024

### **Az-Janibek's annoyance with Abulkhair Khan: historical event and folklore**

A. A. Absadyk<sup>1</sup>, A. A. Bayakhmetova<sup>1</sup>, G. A. Abylkasov<sup>2</sup>, A. B. Saulembayeva<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Kostanay Regional University named after Akhmet Baitursynuly, Kostanay, 110000, The Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>Kokshetau University named after. Sh. Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

<sup>3</sup>Kostanay city school No. 23 named after M. Kozybaev, Kostanay, 110000, The Republic of Kazakhstan

*For researchers of the history of the Kazakh Khanate, it is essential to explore not only written records but also oral folk traditions, particularly folklore. Folklore, as a form of cultural heritage, is intrinsically linked to historical events and the realities of daily life. Legends, a significant genre within folklore, stand out due to their historical relevance and cultural significance. These narratives often preserve traces of actual historical occurrences, with some legends even aligning with the content of historical documents. As a result, legends are considered valuable sources of historical information when examined in the appropriate context.*

*The Kazakh people's folklore includes cyclical legends that connect the establishment of the Kazakh Khanate with the mythical figure of Alasha-Khan. Additionally, there are folk legends that reflect historical events, one of which is discussed in Shakirim Kudaiberdiuly's study 'Genealogy of Turkic, Kyrgyz-Kazakh Khanates'. This particular legend, "Az-Janibek's Annoyance with Abulkhair Khan," corresponds to the historical separation of Kerey and Zhanibek from Abulkhair to establish an independent khanate. The story, however, is presented through the lens of folklore, incorporating artistic embellishments, established motifs, and folklore anachronisms.*

*The historical significance of the event is enhanced within the legend, deepening the audience's understanding of the country's past while evoking emotional engagement through the aesthetic elements of oral art. Thus, studying this narrative from a folklore perspective not only uncovers the nuances between historical facts and the public's historical perceptions but also illuminates the way these events are shaped and transmitted through cultural memory.*

*Key words: Kazakh khanates, folklore, historical reality, Kerey-Zhanibek, Kodan taishy, mournful cry.*

### REFERENCES

- 1 Akkuly S. Alikhan Bukeikhan. Research, Articles, Interview. Almaty: International Publik Fund "Yer Zhanibek", 20167-528 p.
- 2 Absadykov A. The secret history of the Mongols and Kodan taisha or Why did you contact Kobylandy batyr, my son? Materials of the international scientific and practical conference "Shokan-training-12". Kokshetau, 2007. . – P.153-158. [in Kazakh].
- 3 Absadykov A. Kazakh Khanate and historical legends. Research articles. -Almaty: Aiganym Publishing House, 2017. -342 p. [in Kazakh].
- 4 Bukeikhan A.N. Kazakhi [Kazakhs].- Astana: Tipografiya ENU imeni L.N. Gumileva. 2014.- 280 p. [in Kazakh].
- 5 Qudaiberdiuly SH. Turik, qyrqyz-qazaq ham khandar shejiresi [Turkish, Kyrgyz-Kazakh and Khan genealogy].-Almaty: Qazaqstan-Sana, 1991.–80 p. [in Kazakh].
- 6 Dughlat Muhammad.Haidar. The Tarikh-I-Rashidi. A history of the Moghuls of Central Asia. London Sampson Low, Marston and Company LD. Originally published 1895, Published by Forgotten Books 2013. –535p.
- 7 Absadyk A. Khan Abilay & folklore. Monograrh/ Qostanai: Shapaq, 2020.-216 p.
- 8 Kopeiuly, 1993 - Kopeiuly M.J. Qazaq shejiresi [Kazakh genealogy]. - Almaty: Jalyn, 1993.- 76 p. [in Kazakh].

- 9 The Secret History of the Mongols A Mongolian Epic Chronicle of the Thirteenth Century. By Igor de Rachewiltz The Australian National University. 2015.-270 p.
- 10 Qazaqstan tarihy turaly mongol derektemeleri [Mongolian sources on the history of Kazakhstan]. II tom. Lubsandanzan. Ejelgi handar negızın salgan torelık josygynyn tuyndylaryn qurastyryp, tuindegen Altyn tobchy (Altyn tuin] demek-dur. - Almaty: Daik-Pres, 2005.-305 p. [in Kazakh].
- 11 Abilgazy. Turik shejiresı [Turkic chronicle]. - Almaty: Ana tılı, 1992.-208 p. [in Kazakh].
- 12 Qazaqstan tarihy turaly mongol derektemeleri [Mongolian sources on the history of Kazakhstan]. I tom. -Almaty: Daik-Pres, 2006.-400 p. [in Kazakh].
- 13 Jalaiyri Q. Shejireler jinagy [Chronicle collection]. - Almaty: Qazaqstan, 1997.-128 p. [in Kazakh].

Received: 11.06.2024

FTAMP 17.07

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss4pp194-206](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss4pp194-206)

**П.Қ. Бисенбаев<sup>1</sup>, С.Б. Тілеубаев<sup>1</sup>, А.М. Ибрагим<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

### **«ЖАСАУЫЛ ҚЫРҒЫНЫ» ДАСТАНЫНЫҢ НҰСҚАЛАРЫ: ТАРИХИЛЫҒЫ ЖӘНЕ КЕЙІПкерлер Әлемі**

*Тарихи-фольклорлық үлгілерде ХІХ ғасырдың орта шенінде орын алған Жасауыл қырғыны оқиғасының әртүрлі нұсқалары сақталған. Мақалада ел ішіне кең тараған сондай жыр-әңгімелер негізінде жазылған Нұрхан Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны» дастанының нұсқаларына тән ерекшеліктер жайы сөз болады. Нақтылай түссек, бір автордың қаламынан туғанымен, екі бөлек уақытта жазылған қос нұсқаның сюжеттік желісінде, кейіпкерлер әлемінде, тартыс сипатында, көркемдік кестесінде, тарихи шындыққа қатысы мен идеялық мазмұнында кездесетін айырмашылықтардың түпкі себебі ашылады. Шағын зерттеуде баспа бетін көрмеген сирек қолжазбалар мен әлі ғылыми айналымға түсе қоймаған тың деректер мол кездеседі. Сонымен бірге өткен ғасырдың 50-жылдарынан бері қарай Кенесары-Наурызбай туралы тарихи-фольклорлық үлгілерді жинап, зерттеуге тыйым салынған кезде «Жасауыл қырғыны» дастанының хан Кененің «қылмысын» әшкерелейтін шығарма ретінде кеңестік идеология құралына айналғаны да авторлар назарынан тыс қалмайды. Мақалада ел басынан өткен күрделі кезеңнің сипаты мен саяси қақтығыстар сыры да айқындалады.*

*Кілт сөздер: нұсқа, жанр, кейіпкерлер әлемі, сюжет, тартыс, ақын, бейне, фольклор, автор.*

### **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысына тікелей қатысы бар әртүрлі оқиғаларды өзек еткен тарихи-фольклорлық үлгілердің көркемдік кестесі, идеялық мазмұны, олардың тарихи негізі мен жанрлық сипаты жайындағы мәселелерге қалам сілтеген ғалымдар аз болған жоқ. Мысалы, ХХ ғасырдың 20-жылдары Х.Досмұхамедов Кенесары туралы жыр-аңыздардың көтеріліс тарихына қатысын баяндаса, М.Әуезов Нысанбай жырының мән-маңызы жайында ой толғайды. Ұлы Отан соғысының қарсаңында Е.Ысмайылов Кенесары қозғалысына қатысты жыр-аңыздардан көлемді жинақ құрастырды. Ал Қ.Жұмалиев орта мектептің 8-9 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» атты оқулығында Нысанбай жырау мұрасына арнайы тоқталды. «Правда» газетінде 1950 жылдың 26 желтоқсанында жарияланған

«Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақаладан кейін Б.Сүлейменов, Е.Бекмаханов, Е.Ысмаилов, Қ.Жұмалиев сынды ғалымдар сотталып, билік басындағылар қазақ оқығандарын үнемі бақылауда ұстады.

Содан кейін Кенесары қозғалысы туралы фольклорлық үлгілерді жарыққа шығару, олар туралы пікір айту егемендік алғаннан соң ғана мүмкін болды. Тарихи тұлғаларға байланысты тарихи жырлар бірталай еді. Осы орайда Кенесары қозғалысын өзек еткен тарихи мұраларға тікелей қатысты ең соңғы тұжырымдар Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев, С.Қирабаевтардың мақалаларында көрініс тапты.

Нұрхан Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны» дастаны алғаш 1926 жылы хатқа түскен болатын. Кейін, 1950-жылдардың ішінде, Кенесары қозғалысына қатысты тарихи-фольклорлық үлгілерді зерттеп, ғылыми айналымға түсіргені үшін Е.Бекмаханов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиевтер жаппай айыпталып жатқанда, «Жасауыл қырғыны» дастаны Кенесары-Наурызбай қылмысын әшкерелейтін бірден-бір шығарма ретінде қайта жазылды. Көпшілік оқырманға мәлімі – осы нұсқа. Біз Н.Ахметбеков қаламынан тұған бір жырдың екі нұсқасына тән ерекшеліктерді және аталмыш нұсқалардың өмір шындығына қатысын таратып көрсетуді жөн көрдік.

## КІРІСПЕ

Дастан – көне тамыры бар, әртүрлі мәдениеттерде, соның ішінде күрдтер, әзірбайжандар, түріктер, ирандықтар және басқа халықтардың мәдениетінде кең таралған халық эпостық поэзиясының жанры. «Жасауыл қырғыны» дастаны ХХ ғасырдың 50-жылдары жарық көргенімен, арнайы зерттеу объектісі болған емес. Негізінен, Кенесары қозғалысын айыптайтын шығармалар қатарында аталып жүрді. Мақаланы дайындау барысында тарихи есімдер мен олардың тарихи шынайылығы, белгілі тарихи оқиғалардың жырдағы көрінісі, тарихилық аясындағы сюжеттік құрылым, т.б. мәселелерді өзара байланыста алып, жүйелі түрде тексере келе, «Жасауыл қырғыны» жырының тарихи негіздерін анықтап, көркемдік ерекшеліктерін айқындауды мақсат тұттық.

Бұл мақала негізіне «Жасауыл қырғыны» жырының әр жылдарда хатқа түскен екі нұсқасын арқау еттік. Зерттеу барысында мысалға келтірілген жыр үзінділері Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорынан алынды. «Жасауыл қырғыны» жырының алғашқы нұсқасы оқырман қауымға енді ғана танылып жатыр. Бұл мақала – ескі мұраны оқырманға таныту, ғылыми айналымға түсіру саласында жасалуға тиіс үлкен шаруаның бірі.

«Жасауыл қырғыны» дастаны және оның тарихилығы, кейіпкерлер әлемі тақырыбы осы себептерге байланысты өзекті болып қала береді. Тарихи және фольклорлық үлгілерде он тоғызыншы ғасырдың ортасындағы Жасауыл қырғынының әртүрлі нұсқалары сақталған. Мәселен, Н. Ахметбековтің халық арасында кең тараған поэтикалық әңгіме негізінде жазылған «Жасауыл қырғыны» поэмасы нұсқасының ерекшелігіне екі бөлек уақытта жазылған екі нұсқаның сюжеттік желісі, кейіпкерлер әлемі, тартыс сипаты, көркемдік өрнегі, тарихи шындыққа қатысы мен идеялық мазмұнының өзгешелігінің түпкі себебі ашылады. Шағын зерттеуде баспада жарияланбаған сирек қолжазбалар мен әлі ғылыми айналымға түспеген тың деректер де қарастырылады.

Жасауыл қырғыны оқиғасына қатысы бар мұрағат деректері ұсынатын құжаттарда да қайшылықтар кездеседі. Демек бұл қатардағы маңызды дүниелерді назардан тыс қалдырмай зерттеу нысанына айналдырып, көркемдік сипатын, тарихи негізін ашып отыру парыз.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Нұрхан Ахметбеков шығарған «Жасауыл қырғыны» дастанының екі нұсқасының айырмашылықтарын айқындап, өмір шындығына қатысын зерттеудің өзі тарихи-салыстырмалы талдауды, жүйелі зерттеуді талап етеді. Мақалада қаралған проблемалардың басым бөлігі кешенді мәселелердің қатарына жатады. Шығарманың сюжетіндегі өзгерістерді,

оның құрылымдық сипатын, образдар жүйесін зерттеу дегеніміздің өзі кешенді зерттеу әдісінің басты принципі болып табылады. Осы жайларды ескере келгенде, «Жасауыл қырғыны» дастанының нұқаларының тарихи негізін зерттеуде мына әдістер қолданылады деп білген жөн: тарихи-салыстырмалы әдіс, жүйелі зерттеу әдісі, кешенді зерттеу әдісі. Оларды пайдалануда ғылым пәндерінің, ғылыми-зерттеу әдістерінің тоғысуы ескеріледі. Дастанның тарихи шындықты бейнелеудегі маңыздылығына шынайы тарихи фактілердің суреттелетіндігін тілге тиек етеміз. Әдебиет пен тарихтың арасында үлкен байланыс бары мәлім. Осы негіздемені негізге ала отырып, дастандағы тарихи оқиғалар зерттеу нысаны болмақ. Дастанның ішкі мазмұнына үңілерден бұрын сол кездегі тарихи оқиғаларға байланысты ресми құжаттар мен жазбалар назарға алынады. Сондай-ақ, зерттеу мақсатына жету үшін баспа бетін көрмеген сирек қолжазбалар мен әлі ғылыми айналымға түсе қоймаған тың деректер қолданылды. Мәселен, «Байтабын қызының жоқтауы», Қ.Қараевтың «Топжарған», О.Шипиннің «Жеті батырдың тарихы» сияқты мұрағаттарда сақталған мұралар – оқырман қауымға беймәлім дүниелер.

Белгілі бір деңгейде зерттеу тақырыбындағы «тарихилық» және «кейіпкерлер әлемі» туралы сөз қозғағанда, бұл дастанға тиек боп отырған оқиғалар тарихи және мәдени контекстті зерттеуді, сондай-ақ кейіпкерлердің жеке басын, уәждерін және қарым-қатынасын талдауды қамтуы мүмкін. Міне, осы тақырыпты зерттеу үшін қолдануға болатын материалдар мен әдістемелердің мысалдары: 1) Тарихи әдіс: Дастандар көбінесе этникалық дәстүрімен байланысты болғандықтан, халықтың сол уақыттағы мәдениеті мен тарихы туралы зерттеулер. Осы эпостық поэзия туған өлкедегі қоғамдық-саяси жағдайлар туралы басылымдар мен мақалалар. 2) Әдеби сын: Осы дастанға арналған бұрынғы зерттеулер мен сыни еңбектерді талдау. Басқа дастандық немесе эпикалық шығармалармен салыстырмалы талдау жасап, ортақ белгілер мен бірегей белгілерді анықтау. 3) Мәтіндік талдау: Құрылымын, стилін, метафоралар мен бейнелердің қолданылуын ескере отырып, «Жасауыл қырғыны» дастаны мәтінін герменевтика бойынша түсіндіру. Негізгі сюжеттік нүктелер мен кейіпкерлерді анықтау және талдау. 4) Социологиялық талдау: Кейіпкерлердің әлеуметтік және мәдени рөлдері мен олардың қарым-қатынасын зерттеу. Оқиғалар барысы мен кейіпкерлердің мінез-құлқына әлеуметтік нормалар мен құндылықтардың әсерін талдау.

## НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ эпосының тарихилығы турасында пікір айтып, арнайы зерттеулер жасаған ғалымдардың назарынан жырдағы кісі есімдері, жер атаулары қалыс қалмаған. Кісі есімдері мен жер атаулары бойынша қуалай пікір білдіріліп, кейде оның қисынсыз дәлелдеме болып шыққандығын білеміз. Егер бір ғана батырлық эпостың бүкіл нұсқасын алдыңызға алып жайып тастап, жағрафиялық картаға ондағы жер-су аттарын түсіріп көрсек, алғашқысындағы мен кейінгілері сәйкес келіп жата ма екен. Бұлайша қарау – эпосты таза айна-қатесіз тарих деп түсінушілік. Керек десеңіз жырау-жыршы дегенге күмән туғызып, оның шығармашылығын жоққа шығару. Бұл мақсатта ең алдымен эпосты жасаушылар кімдер, олардың шығармаларында жер-су атаулары қалай көрініс тапқан, неліктен нақтылықтан гөрі шарттылыққа басым тұрады деген сауалдарға жауап іздеуге тырыстық. Алысқа бармай-ақ, XVIII ғасырдағы елім-жерім дегенді асқақ үніне қосқан, қазақ еліне есімдері мәшһүр жыраулар поэзиясына үңіліп көрейік:

Кеше тоқыраулы судың бойынан,  
Тоқал терек түбінен,  
Ніл дарияның басынан,  
Күмкент шәрінің қасынан,  
Перінің қызы Перизаттан туған,  
Қара Мерген атасы,  
Сөзімнің жоқ қатасы  
Кеше бұл тұрымтайдай ұл еді-ау,  
Түркістанда тұр еді-ау,  
Әбілмәмбет ағана  
Қызметші жүрген ұл еді-ау [5, 96]

**(Абылайға арнаған Тәттіқара ақын арнауы)**

Баян Аула, Қызыл тау,  
Абыралы, Шыңғыстау,  
Қозы Маңырақ, қой Маңырақ  
Арасы толған көп қалмақ,  
Қалмақты қуып қашырдың,

Қара Ертістен өткізіп,  
Алтай тауға асырдың!  
Ақ шәуліге қос тігіп  
Ауыр қол жиып алдырдың [5, 96]

**(Үмбетей жыраудың Бөгенбай өліміне арнаған толғауы)**

Асу салған, тас бұзып  
Тарбағатай белінен,  
Қол қондырған қос тігіп,  
Борлы деген көлінен  
Қалмақты шашқан шулатып  
Ақшәулінің өрінен,  
Атан тартар бүгіліп.  
Алыстан қара көрінсе,  
Арғымақ шабар тігіліп.  
Арту-арту бел келсе, [5, 100]

**(Бұқар жыраудың Бөгенбай өлімін естіртуі)**

Акын-жыраулар мұрасынан бұндай сандаған шумақтарды тауып, тізбектей беруге болады. Жырдағы шумақтар жыраулар поэзиясындағы болмысты эстетикалық тұрғыдан қабылдаудың бір көрінісі. Осы көрініс эпос табиғатына жат па, әлде ақиқат заңдылық па оған да жүгініп көрейік:

Ніл дарияның басында,  
Күмкент шәрі қолында.  
Баба түкті Шашты Әзиз  
Мені сонда тауып ап,  
Едіге деп ат қойған да... [5, 110]

**(«Ер Едіге»-Ш.Уәлиханов жазып алған нұсқасы)**

Асқар-асқар белдерден  
Айдын шалқар көлдерден,  
Қан сасыған жерлерден  
Үмітін үзіп жол шекті. [5, 120]

**(Қобыланды батыр. Марабай-Мергенбай нұсқасы)**

Осындай салыстырулардың өзінен-ақ, жер-су жайындағы ұғым-түсініктердің көркемдік жиынтығы эпос тіліне қалай түскені, оның себеп-салдары жөнінде ақпарат алуға болады. Мәселе жырды айтушы жырау-жыршылардың эпостағы қаһарманның мекенін, жүріп өткен жолдарын білмегендіктен емес, көркемдік талғам тұрғысында мейлінше кең ауқымды шығарманы шындыққа негіздеудегі көркемдік жолды таңдауында жатыр. Егер жырау-жыршыда таңдау болмаса, батырлық эпостағы қаһармандарымыз Алпамыс, Қобыланды т.б. жауға аттанған, одан қайтқан жолдарындағы жер-су атаулары бірді-екіліден аспай, уақыт пен кеңістік жағынан шектеліп қалар еді. Онда көлемді шығарма да тумайды. Жырау мен жыршының құдіреті сонда, батырды елі мен жерін қорғаушы ретінде тым ұзақ та, қауіп-қатерлі алыс сапарға аттандырады. Сондықтан оның мекені жүріп өткен жолы, қайту сапары халық ұғымына сай жер атауларымен берілуі тиіс. Батырлық іс ауыл арасындағы дау-жанжал емес, жалпы халықтың мүддесінен туындайтын ел шетіне жау келсе аттаныспен өлшенеді. Ендеше сол аттаныс сапары тым ұзақ жол. Ол жолдың өзен-көл, тау-тас, шөлді-шөлейтсіз болмауы мүмкін бе?! Эпостағы жер атаулары мен кісі есімдері көрсеткішімен кейіпкер әрекетінен бұрын немесе кейін болған оқиғаларға тели салуда күмән туғызатыны бар. Эпостану саласындағы бұндай қайшылықты пікірлердің туындау себептерінің бірі ретінде, алдымен эпикалық кеңістік турасында арнайы зерттеулердің болмағанын айтар едік. Эпостағы

мұндай олқылықтардың орнын толтыруға арналған еңбек ретінде, эпостанушы Ш.Ыбыраевтың «Эпостың кеңістік концепциясы», «Кеңістіктің көркемдік сипаты» турасындағы зерттеулерін атаймыз. Ғалым эпикалық кеңістік турасында ізденістердің негізін екі түрлі мақсатқа бағындыруды тұжырымдайды.

1. Жер-су, өзен-көл, тау-тас, елді-елсіз жер атауларының эпостағы жиынтығы және олардың тарихи негіздері, нақтылы жағрафиялық және эпикалық атаулардың бір-біріне сәйкестігі, осы арқылы тарихтың эпостағы көрінісін анықтау мәселелері.

2. Кеңістік ұғымдарының эпос поэтикасының дәстүріне бағындырылған сыр-сипаты, уақытпен өрелесуі, кейіпкерлер іс-әрекетімен және сюжеттік ситуациямен байланысы, мерзімі жағынан түрлі оқиғалардың дәстүрлі эпикалық кеңістікке телінуі [2]. Осы екі мақсатқа байланысты мұнда батырлық жырларындағы кездесетін жер-су атаулары, оның тарихқа қарым-қатынасы, шындықты игерудегі эпикалық дәстүрдің ықпалына байланысты назар аударатын құнды пікірлер бар екені даусыз. Осы мақсатта өзіміз сөз етіп отырған – тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпостағы эпикалық кеңістік жайында қарастырып, одан бұрынғы қаһармандық эпостан ерекшелігін анықтауды қажет етеді. Бұл бағытта дәуір және дәстүр мәселелері назардан тыс қалмайды. Алдымен қазақ эпосындағы кеңістіктің көркемдік жиынтығын түсінудің сыр-сипатына байланысты әңгіме бір ғана зерттеумен шектелмеуі мүмкін, бұл орайда түрлі пікірлер туындайтыны бізге аян. Бұл орайда эпостық және көркем шығармаларға қатысты кеңістік турасында зерттеген ғалымдар еңбегінде орынды ескертулер байыпты бағыт-бағдарламалар жасалған.

Эпос жөніндегі зерттеулердің қай-қайсы да, оның тарихи негізі бар екенін дәлелдеген. Батырлық жырдағы оқиғалардың бәрі де бір кезде өмірде болған шындық, эпос соның өзектілерін алып көркемдік тұрғыдан жинақтап, көлемді шығармаға айналдырған. Шығарманың иесі – халық, айтушысы – жырау-жыршы. Ендеше, эпикалық шығарманы жырлаушы көлемді дүние жасауда қаһарманның өмірбаянын реалды өмірге жақындатуы керек. Сондықтан, шығармада уақыт пен кеңістік ұғымдары дәуірге тән өлшемдермен сараланып, эпикалық дәстүр арқылы бір-бірімен өрелесуі тиіс. Өйткені эпикалық көрсеткішінің тұрақталған жүйесі. Кеңістік жайындағы ізденістерімізді тек қана жырдағы жер-су, өзен-көл, тау-тас, елді-елсіз жер атауларының жиынтығымен ғана қарау бір жақты. Кеңістіктің өзі тігінен және көлденеңінен түсінікті қажет етеді. Бұл турасында адамзат түйсігінде белгілі болған объективтік шындық бар. Эпикалық кеңістік сол шындықты көркемдік дәстүрге сай қажетіне қарай алады, сондықтан онда психологиялық тұрғыда объективтік және субъективті пайымдаулар өткенді шындық ретінде қабылдаса да, көбіне өз тұрғысынан да бағалау орын алады. Осының бәрі жырдың жеткізушісіне байланысты айтылып жатқан мәселелер. Жырды айтушы жаратылыстан аян кеңістіктің тігі мен көлденеңін алып жұптастырмаса, онда кеңістікте қозғалыс та жоқ. Қозғалыс жоқ жерде уақыт өлшемі жүрмейді. Жырдағы уақыт пен кеңістіктің байланысын іс-әрекетсіз ешқандай зерттеуші түсіндіре алмайды. Осы заңдылықтың нақты ұғымы бүкіл түркі әлеміне ортақ, көне ескерткіште тұр.

Биікте көк тәңірі,  
Төменде қара жер жаралғанда  
Екеуінің арасында адам баласы  
Адам баласын басқаруға ата-бабам жаралды [5, 121].

Алайда, осы ескерткіштердің деректерін тарих ретінде сүзу мен тілдік жағынан түсіндіру бар. Көркемдік тұрғыдан ескерткіштегі сипаттау, сөйлету, даралаудағы жинақтаулар кең көлемде енді ғана сөз бола бастады. Қалай десек те көне ескерткішті оқудың құпиясы ашылғанымен, көркемдік әлемнің сыры айқындалды деуге ертерек. Сонымен, эпостағы уақыт пен кеңістіктен белгілі бір дәуірдің тарихын табуымыз керек.

Ең алдымен сол дәуірді бейнелейтін эпикалық кеңістіктің өзі ұшы-қиыры белгісіз, шалқып жатқан әлем емес. Эпоста батырдың мекенінен кейін, кетіп бара жатқан жолының бәрі жаудікі деп санау дұрыс емес. Эпикалық кеңістікті дәуірге қатысты жыршы тарапынан аймақ дегенді кең көлемде алады, батырдың мекені сол аймақтың бір ғана бөлшегі. Қазақ эпосында батырдың шығу тегімен қатар, оның мекенін анықтамаған бірде-бір эпос жоқ.

Бұл тарихи тұрғыдан шындықтан алыста маған. Батырлық жырлардағы «Қобыланды», «Қамбар», «Алпамыс», «Қырымның қырық батыр жырлары» т.б. қаһарманның жаз жайлауы, қыс қыстауы нақты айтылғаны күмән туғызбайды. Мұнда мезгіл мен кеңістіктің үндестігі бір қалыпта тұрса, батырдың елінен аттану себебі бүкіл аймаққа, анықтай түссек біртұтас елге қауіп төнгендік болатын. Жыршы сондықтан қаһарманның сапарындағы жолды көрсетуде, өзіне таныс кеңістіктің көлін, тау-тасын, шөлі мен шөлейтін жырға бөлек-бөлек жинақтап, ел шетіне келген немесе қаһарманның іздеп келген жауын кездестіреді. Оның қашықтығы, батырдың қанша уақытта жеткендігі жөніндегі баяндауда кеңістік динамикалық қозғалысқа түседі. «Күнді бұлт құрсайды», «Қар жауарға ұқсайды», «Айды бұлт құрсайды», «Айды байқай қарасам, түн жауарға ұқсайды», «Таң сарғайып атқанда, Шолпан жұлдыз батқанда» т.б. кеңістіктегі тігінен карағандағы көрінісі болса, көлденеңінен жерде бұрқыраған шаңы, ағып жатқан көлі, бұрқыраған буы, шуылдаған шуы назардан тыс қалмайды. Жырлаушы сол шындықты жеріне жеткізу үшін әмседен аян жер-су, тас-тау, мекен-тұрақ атауларын жырға қосқанда ғана, тындаушының шындық демеске шарасы қалмайды. Өтірік жағы А. Байтұрсынов айтқандай мінген аты, жауға жалғыз аттануы, қарсыласқан жауды мың-мындап жапыруы ғана. Ежелгі эпостағы осы бір дәстүр, қаһармандық эпоста жалғасын тапқан. Жыршы батырдың іс-әрекетін даралаудың жолында, қиялға ерік беріп, халықтың арман-тілегіне орайластыруға бағытталған. Жырдың шындығы дәуір шеңберінен аспай, уақыт пен кеңістікті өрелестіре алуында екендігі даусыз. Қорыта келгенде эпикалық кеңістік – көркемдік жүйеге келтірілген екінші шындық. Өткендегі де, бізге жеткені де сол шындықты іс-әрекетпен көрсетуші эпикалық шығарманың бас қаһарманы. Сонымен қаһармандық эпос жөніндегі эпикалық кеңістікке қатысты тұжырымды былайша түйіндер едік:

Біріншіден, бұл кеңістік көлденеңінен де, тігінен де жұптасқан. Екіншіден, қозғалыстағы кеңістік. Үшіншіден, оның негізін әрекет жасаушы қаһарманның субъективтік-объективтік жырдағы қарым-қатынасы білдіреді.

Қысқаша шолып өткен қаһармандық эпостағы кеңістік жөніндегі ой-пікірдің одан әрі дамуы, біздің негізгі мақсаттағы тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпостағы кеңістікке қатысты болмақ. Тарихи жырлар мен реалды-тарихи кеңістік турасындағы эпоста (диахронды) және ізденіс тарихи құрылымдық (синхрондық) тұрғыдан қарауға әбден реті келеді. Өйткені, дәуір кезендерінің бейнесін жан-жақты ашып, халықтың арман-тілектері жөніндегі сұраныстарға жауап беретін тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпоста дәуір жөніндегі деректер болған іс-әрекеттің шындығынан шалғай кетпесе, екінші жағынан уақыт пен кеңістікті сәйкестендірудің жинақталған көркемдік үлгілері бар. Кеңістіктің бұндағы көркемдік заңдылықтарға бағындырылуының өзі өзгеше формада, жаңа бір қырынан көрінеді. Эпостағы дәйекті дәстүрлердің өзі кеңістік турасындағы ізденістерге келгенде, қалыпты сақталмайтындығын дәлелдеген тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпостар екендігі анық. Қаһармандық эпостағыдай тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпоста батырлардың қоныстанған мекені дәстүрге сай, жырдың басында да, сюжеттік байланыстарда да көрініп отырады:

Өтіпті Қанжығалы қарт Бөгенбай  
Мекені көшіп қонған Шет қорайдай [5, 125].

\*\*\*

Олжекем Орта жүзге ұран болған,  
Сарысу, Арқа есігі – Арқанатта,  
Айдабол Төртуылды қоныс қылған.  
Жайлауы Нұра суы еді мұның,  
Сала мен Домбыралы бетегелім,  
Моншақты, Құлан өтпес, Шідерті өзен [5, 125].

\*\*\*

Туған жерін сұрасаң,  
Жайықтың шығыс күн-жағы.  
Жаз жайлауын сұрасаң,

Үш аңкаты, Барбастау,  
Бұлардың қатаң шымдағы,  
Күз күзеуін сұрасаң,  
Бұлдырты мен Жымпиты,  
Қалдығайты, Жақан бай,  
Балқашты сала мұндағы,  
Қыс қыстауын сұрасаң;  
Ойылда Қиыл, Жем, Сағыз,  
Үйшіктен бергі қалың сор,  
Қаракөл менен Қаратау,  
Тайсойған, Бүйрек құмдағы.  
Есі бір нағыз өнген де,  
Жасы он беске келгенде,  
Қоныс етіп Нарынды.  
Қалың елмен бірге өткен [5, 125].

### ТАЛҚЫЛАУ

Тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпостардан эпикалық шығармада қаһарманның қоныстанған жерлерін бұлайша беру қаһармандық эпос дәстүріне қатысты. Бұл орайда тарихи жырларда да, кейінгі реалды эпоста да деректік мәлімет мол. Қаһарманның мекенін таныстырудан кейінгі тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпоста эпикалық кеңістікті беру мәселесі, қаһармандық эпостағы эпикалық кеңістіктен мүлде бөлек. Мұнда бір сызықтың бойына орналастырып қоятын, реалдық өмірге қайшы келетін, тізбектеле айтылатын кеңістік атаулары мүлде кездеспейді. Мәселен, XVIII ғасырдағы тарихи жырларда эпикалық кеңістік тігінен де, көлденеңінен де мүлде басқаша көрінеді. Батырлық жырлардағы мәңгілік жаз, кеңістіктің жалпы сипатының соған сай көрінуі тарихи жырларда мүлде өзгере бастаған. Тарихи жырлардағы кеңістіктің атаулары және оның уақытпен сәйкес келуі, тарихи тұрғыдан дұрыс көрсетілуі, бірін-бірі толықтыра түсіп, тұтастанған көркемдік жүйенің белгілі эпикалық уақытқа телінуі жағынан, қаһармандық эпостан бөлек жанр екендігін дәлелдейді. Тарихке жүгінсек, жоңғарлардың қазақ жеріне жасаған шабуылдары XVII ғасырдың 1607 жылдарынан басталып, сол ғасырдың әр кезеңінде қазақ қолынан Есім хан, Жәңгір хан, Жалаңтөс баһадүр, Өз Тәуке хандардан бірнеше жеңіліс табады. Бұдан кейінгі Өз Тәукенің қайтыс болуы, қазақ хандығының іштей ыдырап, «Жеті жарғы» бойынша тәртіпке түскен заң жүйесі бұзылуы, оған қоса 1723 жылы қазақ сахарасында «қайың сауған ақ тышқан» жылы зұлматы мен нәубетін қоса әкелді. Осы жұтты мықты пайдаланған, жоңғарлар қазақ жеріне еңдей кіріп, елді «Ақтабан шұбырындыға ...» ұшыратты. Бұл оқиғаны Ш.Уәлиханов: «XVIII ғасырдың алғашқы он жылы қазақ халқының өміріндегі ең бір жан шошырлық кезең болды, әсіресе, 1723 жылғы халық трагедиясы әрбір қазақтың жадында қалды. Бұл жылы қар қалың жауып, мал ашығып, онсыз да қыстан жұтап шыққан елге қырғын салып, Жоңғар хонтайшысы Голдан-Церен басқарған қалың жау қазақ жеріне басып кірді. Шошынған ел сайғақтың үйіріндей дүние-мүлкі мен мал жанын тастап түстікке қашты. Орта жүз Самарқанд маңына, кіші жүз Хиуа мен Бұқар барып тоқтады», – деп көрсетеді. Жойқын жау жоңғарға қарсы тұру 1724 жылғы Түркістан қаласын қорғау шайқасы, 1725 жылғы «Әйгілі Алакөл қақпасы», 1728 жылғы Шұбар теңіз жағасындағы шайқас, 1729 жылғы Бұланты өзенінің бойындағы шайқас және Балқаш көлінің Оңтүстік өңіріндегі ірі жеңістер («Қалмақ қырылған Аңырақай») ұзаққа созылған Шаған шайқасы, 1730 жылдары жоңғарларды Ілеге дейін қуып келу, одан кейінгі 1741-1743 жылғы қызыл қырғын соғыстардың тынышталатын тұсы 1750 жылы жоңғар қақпасындағы шешуші жеңіс еді. Міне, осы аласапыран уақыттағы шын мәніндегі Отан соғысының болып өткен жерлерін, босқан ел мен жаудан азат етілген жеріне көшкен елдің деректері ретінде қазақ даласында 15-тен астам «Қалмақ қырылған» дейтін және сандаған өзен-су, тау-тасы аталады. «Ақтабан шұбырынды» оқиғасынан бастап, 300-ге жуық

топонимикалық аңыздар мен тарихи өлеңдер, барлық нұсқаларымен есептегенде 150-ден астам тарихи жырлар бар екен. Бұлардың көпшілігі қолжазба қорындағы дүниелер ғана, ал қаншама рухани дүниелер хатқа түспей кетті десеңші. XVIII ғасырдағы азаттық жолындағы соғыстың эпикалық шығармаға айналғаны, зиялы қауымның айтып келе жатқаны «Ақтабан шұбырынды» кезеңінен бергіз – Абылай дәуірі. Шын мәнісінде, ерлік пен елдікті ту етіп ұстаған Абылайдың өз басына қатысты қаншама аңыз, өлең-жырлар қалған. Өзінің дәуіріне шоғырланған баһадүр батырларды дәріптейтін тарихи жырлардың сюжеті Абылайды қалыс қалдырмаған. Эпикалық шығармаға айналған тарихи жырлардың бастамасы қай мезгілден екендігіне жоғарыда тоқталдық, ендеше эпикалық заңдылыққа бағынған кеңістіктің көркем бейнесін сол кезеңмен қарап көрейік. XVIII ғасырлардағы тарихи жырларды жырлаушылар ең алдымен, эпикалық шығармада кеңістікті көлденеңінен және тігінен қозғалысқа түсіреді. Көктен тоқтаусыз жауған қар, ақ түтек боран, жердің үсті мұзға айналған. Босыған халық бір жерден екінші жерге шұбырып барады. Өкшелей қуған жау болса, тігерге тұяқ қалдырмай жалмап, кеңістікті қызыл түске бояған. Тарихи жырларда бұл бұлайша өрнектеледі:

Айнадай жарқырайды жердің жүзі,  
Мұзбенен шағылысып күннің көзі,  
Тас, топырақ, қопсан, жазық бірдей болды.  
Сырғанап батпай кетті мықтың ізі  
Тау тас, құзда ағаш, жерде бұта,  
Мұз басып барлығында қалды жата [5, 125].

Барасың Қожахмет кімге қалып,  
Қайран тау, қайран Сырым, қайран дала,  
Күн көрген өсіп, өніп қатын бала,  
Жөнелді у-шу болып қазақ тозып.  
Көлік жоқ ең болмаса екеу ара.  
Қазақтан тартып алды Түркістанды.  
Хиуамен билеп Ташкент, Саманқанды [5, 125].

Әйгілі тарихи өлеңнің желісімен келген мұндай жолдарды, тарихи жырлардың көпшілігінен кездестірдік. Кейде сол өлеңнің өзі жырдың ішінде жүруі бұған айғақ. Сайын дала, көсілген кеңістіктің заманмен өрлесіп, эпикалық шығармаға енуі түптеп келгенде заман психологиясын жеткізуден туған.

Тарихи жырда ұлы жүз, орта жүз, кіші жүздің белгілі бір аймақтарының қай жерлерде орналасқанын шежірелеп баяндау бар. Жыршы мұны айтуда кеңістік атауларын тізбелеп шындықты дәлелді жеткізеді. Батырлық эпоста негізгі қаһарман ел шетіне жау келгенде мекенімен сол жауға қарсы аттанса, тарихи жырларда қаһарманның елін жау шауып, тұтас аймақты тарылтып келеді. Қаһарманның аттаныс іс-әрекетін жыршы бірден жауға қарсы бағыттамай, бірнеше қолмен Ұлытауға қарай жүргізеді. Өйткені онда үш жүздің басы қосылып, жауға қарсы шықпақ. «Абылай хан, Сабалақ» жырында Бөгенбай мен Қабанбай атынан жазғытұры Ұлытауда жиналатыны айтылып, оған Сабалақтың баруы, үш жүздің батырлары жиналып, Шақшақ Жәнібектен бата алып, жоңғармен соғысқа шыққаны баяндалады. «Шақшақ Жәнібек батыр» жырында еліне аттанып шыққан Жәнібек батыр келе жатып Қабанбай мен Бөгенбайға кездеседі. Жауға аттануға Ұлытауға бара жатқаны айтылып, Жәнібек оларға қуана қосылады. «Олжабай батыр» жырында Ұлытау қалыс қалмаған. Қысқасы тарихи жырда жыршы тыңдаушысына бүкіл батырлар Ұлытауға жинақталып, содан бастап қаһарманның жекпе-жектерде үлкен жеңіске жеткенін даралап көрсетуді мұрат еткенін аңғару қиын емес. Бұл жырдағы шалғай кеткен түс екені рас. Біріншіден, 1926 жылы Ордабасындағы жиында жауға қарсы аттаныс жөнінде, Әбілмәмбет, Төле би бастатқан қазақтың біртуар алыптарының бір мәмілеге келіп, аттанысты Ұлытаудан бастауға ұйғарғаны, Әбілхайырдың сол бас қосуда бас қолбасшы болып жауға аттанғандығын аңыз да, тарихи



деректер де теріске шығармайды. Екіншіден, жырды айтушылар осыдан кейінгі 1728, 1729 және 1730 жылдары жоңғарларға қазақ қолының қатты соққы бергенін білуі мүмкін. Сондықтан бүкіл соғыстардың оқиғасын осыған жинақтап, таратуды көздеген. Үшіншіден, жырлаушы аймақтағы кеңістіктің орталық нүктесін дәл тауып, бүкіл жорықтарды содан шығаруға ниеттенген. Ертегі-аңыздағы жер ортасы Көктөбе, «Манастың Бозтөбесі – жер кіндігі» т.б. кеңістіктің орталық нүктесіне қатысты пікірлер бар екені белгілі.

Тарихи жырларда кеңістік үнемі қозғалыста дегенді айттық. Соның бір көрінісі, жердегі шұбырған жұт жылғы жұртты айтсақ, екінші, үнемі жырдағы кездесетін көшпелілер өміріндегі көш суреттері. Қаратаудан Сырға ойысып әрі қарай Мұғаджар тауларынан пана іздеген, бірақ пайдалы қоныс таппаған, жөңкілген елдің бір парасы Құм, Жем, Сағыз, Жайыққа барып тоқтаса, келесі көш Арқа жаққа ауа көшіп Көкше, Ереймен, Шыңғыс, Тарбағатай сілемдерінен орын тепкен. Орта жүз аталатын рулар мен тектер кіші жүз мекен қылған, Ырғыз, Шалқар бойларын басып өтеді. Қараөткел, Ереймен, Баянауыл, Қызылтау, Сілеті, Сарысу, Арғанаты, Нұра, Домбыралы, Моншақты, Шідерті, Қара Сөңгір, Шалқар, Көкшетау, Шыңғыстау, Қызылжар, Алакөл, Сарыбел т.б. сандаған жерлерге шежірелей таратып, қоныстандыратынын көруге болады. Жырды айтушылар осы өлкенің бәріне, жұрт жоңғардан азат етілгеннен кейін қоныстана бастады дегенді көлденең тартады. Біз жоғарыда «Ақтабан шұбырынды» оқиғасында елдің қай бағытқа қарай шұбырғаны жөнінде Шоқан Уәлихановтың пікірін келтірдік. Әйгілі ғалымның кезеңінде бастан өткен зұлматты да, нәубетті де халық санасынан шығара алмаған тұс, сонымен қатар, бұл пікірді тарихи деректер мен еңбектерде жоққа шығармайды. Тарихи жырлардағы жайбарақат тыныштықтағы қазақтың үш жүзінің Қаратау мен Сыр бойында жатқаны, бейқам жатқан елге тұтқиылдан жау шапқаны, Қаратау, Сыр бойы, Түркістан мен Ақмешіт қалаларын жау басып алған екен, соған қарсы қазақтың небір батырлары аттанғаны айтылып, жеңіске жеткендерін мақтан ететін мотивтер де бар. Бұл, шындыққа жүгінсек, XVIII ғасырда болған іс емес, керісінше Әз Тәукенің заманындағы үлкен жеңістер екендігін анықтаған жөн. Кеңістік атаулармен оқиғаға нақты көшіруде, уақытпен өрелестіруде жырау мұнда аса үлкен жаңсақтыққа бармай, белгілі тарихи батырларды айтады да, дереу бұдан кейінгі кеңістік әлеміндегі шұбырынды заманына оралады. Жоғарыдағы жыршылардың ата қонысқа жеткен еді деуінің шындықтан шалғай тұсы, «Ақтабан шұбырынды» кезінен бұрын да аталған жүздер мен рулар, ұшқан құспен бірге жетіп, қайтқан құспен бірге қайтып отырғаны көпке мәлім. Ендеше, бұл жерде жыршы жоңғардың жойқын шабуылын, оны аймақтан қуып шығарудағы қаһармандар ерлігін ерекшелеу мақсатында көрсеткен деудің орны бар. Соның өзінде де, шындықтан шалғай кетпеген. Себебі, жаудан босаған жерлерге халық қайтадан оралып, ата қоныстарына орналаса бастағаны рас. Көреген Абылайда ендігі уақытта кеңістікті бос тастамай, жұртты тығыз орналастыру ісін қолға алғаны да осы шақ, сол бір сұрапыл соғыстар кезі болатын. Қаһармандық эпостағыдай батырдың жүріп өткен жолындағы тау-тасын бір бөлек, өзен-суын, көл-дариясын бөлектеп жинақтау тарихи жырлардың табиғатына жат. Мұнда қаһармандардың өз мекенінде, бүкіл аймағында болып өткен басқыншылардан азат етудегі жорық жолдарының алғашқысы «ақтабан шұбырындыға» дейінгі, келесісі одан кейінгі кезеңдерді камтып, Абылай дәуіріне жинақтаған. Сол жинақтауда кеңістік атаулары жүріп өткен уақыттан алшақтамай, эпикалық шығармада бірін-бірі толықтырып жатады.

Тарихи жырлардағы ендігі бір ерекшелік, қаһармандардың жайлы қоныс, жаңа мекен іздеу мәселесі. Бұны ерекшелейтін «Өтеген батыр» мен «Олжабай батыр» жырының сюжеттері екені белгілі. Асылында бұл сюжет желісі қазақ фольклорында Асан қайғы туралы аңыздардан басталатыны, қазақ фольклоршылары назарына ерте іліккен еді. «Қазақ халық прозасы» атты еңбегінде С.Қасқабасов: «Құтты мекен жайындағы қазақтардың эпсана хикаяттары варианттары бойынша қарастырсақ, біріншіден, мұндай сюжеттің қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай елдерінде де бар екенін көреміз, ал екіншіден, бұл сюжетке құрылған шығармалар Асаннан да бұрын болғанын, тіпті Асаннан кейінгі заманда басқа адамға байланысты айтылғанын байқаймыз» – дей келе, «XV ғасырда Сәбиттің орнын Асан басқан, ал ақтабан шұбырынды дәуірінде оның орнына Абат батыр мен Өтеген батыр қойылған. Міне,

бұл сюжет осындай тарихи циклизацияға түскен. Мұнда тіпті батырлық эпосқа тән генеалогиялық та циклизация бар: Жерұйықты іздеуші алдымен Сәбит, одан кейін оның баласы Асан, ең соңында ұлы Абат болып көрінеді. Бұл да фольклорлық дәстүрдің зандылығы» – дей отырып [9, 124], утопиялық эпсана-хикаяттар қатарына қосады. Дәлелді пікір екендігі даусыз. Жалпы ел басына қатер төніп, қиыншылық заман келгенде Жерұйықты іздеу мәселесі күн тәртібіне шығатынын қазақ халық прозасы мейлінше ерекшелеген. Асан қайғының Жерұйықты іздегені ерте кезде хатқа түскен. Басқа да халықтар фольклорында кездесетіні, кей халықтарда әртүрлі шығармаға айналғандығы турасында зеттеу еңбектер бар. Қазақ тарихи жырларда қоныс іздеу, жер шолу Асан қайғы әрекетімен үндес. Ең бастысы «Жерұйық» деген кеңістік, тек қана эпикалық шығармада ғана болатын жер атауы. Ешқандай карталардың бұған жауап бермейтіні біз айтпасақ та түсінікті. Бұл орайда С.Қасқабасовтың: «Жерұйық – халықтың жарқын қиялынан пайда болған еркін, азат, жанға жайлы жердің образы. «Жерұйық» деген сөздің өзі де, біздіңше, ел ұйып, тату-тәтті өмір сүретін жер деген ұғым береді», – деп тұжырымдаған пікіріне біз де қосыламыз. Тарихи жырдағы қаһармандардың жер шолу, құтты мекен іздеуінің өзі аңыз желісі арқылы эпикалық шығарма сюжетіне енген. Мысалы:

Даярланып сапарға  
Іздеуге қоныс беттеді,  
Қара қазан, сары бала  
Қамын ойлап батырдың,  
Ешбір тыным көрмеді.  
Күн шығысқа барыпты  
Қалың елдің қамы үшін [5, 145].

«Өтеген батыр» жырының алғашқы нұсқасында, ел басына қиыншылық туғанда Өтеген жайлы қоныс, жауға алдырмас жер іздесе, Жамбыл нұсқасында әлеуметтік сарынға үстемелеп таптық мәселесі қосылады.

Жұрттан бұрын ол сезді  
Қайғыға халық түсерін  
Патша алдында бас иіп,  
Хандардың ант ішерін.  
Өтеген сезді хандардың  
Арам, пасық ниеттерін,  
Халықтың сатып, патшаның  
Киерін шенін, шекпенін...  
...Қара қазан, сары бала  
Қамы үшін қамдана  
Қонысқа жер іздейді [5, 145]. –

деп жырлаған. Мұның өзі жырдың қаншалықты өзгерістерге түсіп, кейінгі кеңістік идеология мақсат-мұраттарына қарай бұрмаланғандығын дәлелдейді. Ақиқатына жүгінсек, Өтегеннің қоныс іздегені турасында аңыздар жеке жазып алынғаны туралы деректер, эпикалық ауқымды дүниеге фольклорлық басқа да жанрлардың әсері бар екенін көрсетеді. «Олжабай батыр» жырында жайлы қоныс іздеп, жер шолу Сарыарқа өңірінде екені баяндалады.

Арқаның барлық жонын аралады,  
Еділ мен Жайық, Ертіс аралары.  
Есіл мен Алтай тауы, Арғанаты,  
Ұлытау, Сарысуды шамалады.  
Бұл жердің қыры – киік, ойы – балық,  
Көргеннің сүйсінеді шыбын жаны.  
Мың жылқы жатсадағы көрінбейді,  
Жаз жайлау, қыс-қыстауы жалғыз сайы [5, 145].

Жырды айтушы қаһарманға жер шолғызып алып, одан кейін Көкшетау, Қарқаралы, Өлеңті, Шідерті бойын Айдаболдың бес баласына қалдырып, өзі Жанқозы, Малқозы балалары

Қоңырбелді мекендейді. Баянауылды қыстатып, Ерейменді жайлаған халықта бейбітшілік орнаған. Жыршының бұл жерлерге ерекше тоқталып отырғанын түсіну қиын да емес. Бұл бір кездегі құспен бірге келетін елдің енді арқа өңіріне біржола қоныстана бастаған шағы болатын. Тарихи жырдағы бұндай ерекшеліктер, жыршының тұспалдау, жорамалдау арқылы көрсетіп кеңістік турасындағы көзқарастары сайып келгенде, шындықтан алыстамай белгілі бір уақыттың дерегін беретіндігін байқаймыз. Тарихи жырда бүкіл қазақ елінің аймағы үш жүздің орналасуымен ажыратылып, кеңістік атаулары сол тұрғыдан жіктеледі. Жауға қарсы ұрыстар кеңістіктің оңтүстік, шығыс, орталық өңірлеріндегі белгілі жерлерде өтіп жатса да, жыршы қаһармандардың жеңісінен кейін қалмақты қайтарған, жоңғарды солай жосытты, қырылған қалмақ есепсіз дей келе, қалмақ қырылған жер атауы содан қапты деп сюжетті шарықтау шегіне жеткізеді. Осыған қарағанда, жырда ұсақ қақтығыстардан гөрі, ірі соғыстар өткен кеңістіктерді жинақтау бар. Себебі, Қазақстан даласында «қалмақ қырылған» деген жер атаулары молынан ұшырасатынын жоғарыда атадық. Қазіргі уақытта «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына арналған, Отан соғысының жүріп өткен жерлерін тиянақтаған карталар да шыға бастады. Бұндағы көрсетілген кеңістік атаулары да біздің пікірімізді нақтылай түсетінін пайымдадық.

Тарихи жырларға қарағанда реалды-тарихи эпостағы кеңістік атаулары жалпы аймақты камтымайды, оны жырдағы қаһармандардың іс-әрекеттері де дәлелдейді. Кеңістіктің бұлайша көрінуінің өзі, жырдағы нақтылы болып өткен оқиғаларға байланысты болса керек. Реалды-тарихи эпостарда да қаһармандардың мекені айтылатыны, оның ерекшелену себебі қаһармандық эпос дәстүрінен туындағанын жоғарыда ескерттік. Жырдағы эпикалық кеңістіктің көрінуінің басты себебі сол мекеннің тарылуына байланысты. Мұнда бір жақтан қарулы күшпен келіп, мекенді тартып алып жатқан жау жоқ. Негізгі жау алыстағы өз аймағында отырып, айлалы саясатымен айтқанына жүргізіп, сатқындарға кеңістікті көлденеңінен бөлшектетіп жатыр. Осыған жұрт наразылығы күшейген, ақырында эпикалық шығармада қаһармандар мекені үшін атқа мініп, жалпы аймақты қорғау ісіне айналдырады. Сондықтан, сол біздікінің эпикалық шығармада қалайша берілетіні кеңістік атауларынан көрінбек. Алдымен жырдағы кеңістік атауларын жинақтап алайық. Ол үшін төмендегі кесте берілген.

Тарихи-реалды эпостағы кеңістік атаулары			
«Кенесары-Наурызбай» жыры 1837-1847	«Исатай-Махамбет» жыры 1836-1837	«Досан батыр» жыры 1870-1873	«Жанқожа батыр» жыры 1856-1857
Бетпақ (шөл) Ақтау (бекініс) Ақмола қамал Қараөткел Көкшетау Қызылжар Омбы губернаторы отырған кеңістік Семей Шаған Хан тауы-Хан қамау Созақ Шөңгір Абылай аспас кезең- Абылай аспас асу Алатау-қырғыз жері Қарғалы Қызылсу	Жайық Шідерті Үш анқаты Бұлдырты Жымпиты Қиыл, Жем, Сағыз Қайнар, Тайсойған Еділ, Ойыл, Қобда, Елек, Қумола-Қиялы мола Нарын-Орда, Орал (орыс әскеріне хабар)	Маңқыстау Қараой Үшауыз Хорезм Қаратау Каспий Хиуа-Бұхар	Сырдария Қорған Хиуа Хорезм Созақ Ақмешіт Арыс Шымкент

«Бекет батыр» жыры 1855-1858	«Сұраншы батыр» жыры 1862-1864	«Бекболат батыр» дастаны 1916	«Амангелді батыр» жыры 1916
Орынбор Петербор Сібір	Жетісу, Алатау, Шу Сайрам,	Қарқаралы, Ереуілтөбе, Жетісу	Торғай даласы

Реалды-тарихи эпостағы сипатталатын жер-су аттары тарихи деректерге жүгінсек, шындықтан ауытқымай, ұлт-азаттық қозғалыс және көтерілістердің болып өткен жерлерін дәлдікпен береді. Жырда эпикалық кеңістік көрінісі негізінен айтушыларға байланысты екені мәлім. «Кенесары-Наурызбай» жырының Нысанбай жырлаған нұсқасында қырғыз бен қазақ жерінің атаулары аталса, Доски Әлімбаев дастанында Кене ханның мекені, күреске шығуы, жорық жолдары, кейіпкерлердің іс-әрекетімен ерекшеленіп, әрекет үстіндегі батырлар жүріп өткен жолдар уақыт пен кеңістік арқылы сәйкестеніп, белгілі тәртіппен орналасады. «Исатай-Махамбет» жырындағы қаһарманның мекені, осыған қатысты көтеріліс, көтеріліс басшыларының қуғындалуы, мекеніне қайта келіп мерт болуы хронологиялық тұрғыдан ауытқымай жырланған. Жырды айтушы Ы.Шөреков кеңістік атауларының кейіпкердің әрекетімен байланыстырып, уақытпен бір оқиғадан келесі оқиғаға көшуде өрелестіреді. Жалпы XIX ғасырдағы түрлі оқиғалардың сыр-сипатынан хабар беретін «Бекет батыр», «Досан», «Сұраншы батыр» жырларында белгілі бір ғана оқиғалар айтылып, баяндалуының ерекшелігі қаһармандық эпос пен тарихи жырлардағы диалог, монологтарды еске салғанымен, көлемді эпикалық шығармаға толық айналмаған. Бұны жырдағы кеңістік атаулары да байқатқандай. Өз мекеніне деген күрес ісі «Жанқожа батыр» жырында қаһарманның әрекетінде тәп-тәуір көркем баяндалған. Батырдың Қарақалпақ, Хиуа, Хорезм, Созақ жерлеріндегі жырдағы жекпе-жектері, одан кейінгі келімсектерге қарсы көтерілісі турасындағы оқиғаларға тарихтан баға берілген. Жырдағы оқиға өткен жерлер соның дәлелі екендігі күмән туғызбайды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі жайындағы Бекболат, Амангелді дастандары тарихи болған оқиғаны дәлме-дәл жеткізумен, қаһармандардың азаттық жолындағы күресі өткен жер атауларын бере алуымен ерекшеленеді. Қорыта айтса, реалды-тарихи эпостағы кеңістіктің көрінісі, қаһармандардың сол кеңістікке деген асқан сүйіспеншілігімен ерекшеленетінін алдымен атар едік. Екіншіден, кеңістікті беруде реалды өмір алшақтығы жоқ, қайта шарттылықтан гөрі, нақтылыққа ауысу жағы басым.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халқының елдік пен бірлік жолындағы бес ғасырлық тарихына қатысты көркем шежірені танып түсінуге, оның тек-тамырын зерделеуге, жанрлық жағынан нақтылы жасалған жіктеулер нәтижесі мен семиотикалық және құрылымдық жүйесін пайымдатумен дараланады. Сондай-ақ, эпостағы көне дәстүрдің өзінше түлеп, жаңаша жаңғыруының сыр-сипатын байыптауға, жырды айтушы жырау мен ақындардың эпикалық құлашын түрлі деңгейде сезініп түсінуге ықпал етуімен ерекшеленеді.

Батырлықты дәріптеудің фольклордағы дәстүрі бір болғанымен, көлемді эпикалық шығармаға айналуы әртүрлі. Тарихи эпостың тақырыптық тұрғыдан қарастырыла бастауы XX ғасырдан бастап, әр кез, әр шақта жүзеге асырылды дей тұрсақ та, біртұтас жүйемен кешенді түрде толық бағасы берілген жоқ. Эпикалық мұраларымыз қатарынан лайықты орын алатын тарихи жырдың шығу тегі мен дамуы, жырдың айтушысының шығарма туғызудағы алатын орны, атқаратын қызметі белгілі жүйемен саралауды қажет етеді. Эпостың көркемдік табиғатын тану қашанда ауқымды жұмысты талап ететіндігін түсінеміз. Біздіңше, тақырыптың зәрулігі дегеннің мән-мағынасы осында тұр. Рухани байлығымыз болып саналатын қазақ тарихи жырлары алатын орны мен бүгінгі көзқарасқа қатысты зерделеудің

өзін аса зәрулі ізденіс болатындығын түсініп, қазақ фольклортану ғылымындағы бізден бұрынғы еңбектерге сүйеніп, нақтылы мәселелерге контекстен қарау арқылы ғылыми талдау жұмыстары жүргізілді.

Қазақ халқының елдік күрестерін, тәуелсіздік жолындағы ұмтылысынан және мемлекеттік мүдделерінен хабардар ететін тарихи жырлардың бүгінгі көзқараспен талдану тағылымы, ХХІ ғасырдағы үш мың жылдыққа керегі мен берері бар деген тұжырымға жетелейді. Рухани мұрамыз болып саналатын тарихи жырлардың дәуірлік ұғыммен тұтастай талдануы, фольклортану ғылымы үшін еленетін еңбек болады деп сенімдеміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
- 2 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
- 3 Aitbayeva, V.M., Rakhimov, B.S., Shahina, S.Zh., Kadina, Z.Z., Ahmetzhanova, Z.B. Determination of national nature of a song as expression of artistic concept of ethnicity // *Astra Salvensis*, 2021. – P. 211–225 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107029452&origin=resultslist> (қаралған мерзімі: 15.10.2024)
- 4 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 176 б.
- 5 Рахым Б.С. Тарихи эпос табиғаты: Қазақ тарихи жырларының поэтикасы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1997. – 235 б.
- 6 Aitbayeva V.M., Rakhimov, B.S. Current issues of a historical poem // *Problemas actuales de un poema histórico// Opcion*, 2019. – P. 441– 454 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85077636429&origin=resultslist> (қаралған мерзімі: 15.10.2024)
- 7 Бердібаев Р. Қазақ эпосы (жанрлық және стадиялық мәселелер). – Алматы: Ғылым, 1985. – 232 б.
- 8 Бердібаев Р. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 312 б.
- 9 Қасқабасов С. Қазақ фольклорындағы тұтастану құбылысы. // *Жұлдыз*, 1992. №10. – Б.181-198.
- 10 Aitbayeva, V.M., Rakhmetova, V.A., Maulenova, A.M., ... Smailova, A.C., Rahimov, B.C. Functions of expressive facilities in heroic epos // *Ponte*, 2017. 73(10). – P.43-47 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85032472877&origin=resultslist>

Материал 23.10.2024 баспаға түсті

### **Трансформация пространства в историческом эпосе**

Б.С. Рахимов<sup>1</sup>, Г.Т.Глеубердина<sup>2</sup>, Ж.А.Рустемова<sup>1</sup>, Б.М. Айтбаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Қарагандинский университет имени Е.Букетова, Караганда, 100000, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

<sup>3</sup>Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, 050000, Республика Казахстан

*В этой статье представлены исторические казахские поэмы, которые по содержанию, художественной силе не уступают эпическим произведениям. Цель статьи - переосмыслить целостность исторических поэм, наше духовное богатство, с современной точки зрения, т. е. проследить происхождение и развитие, структуру, жанровую специфику исторических поэм и их взаимосвязь с другими жанрами фольклора и тем самым доказать, что природа искусства единая система с поэтической стороны. При дифференциации исторических поэм применялись методы сравнительного и системного анализа. Путем сопоставления пространства и типов времени в исторических поэмах с героическими поэмами выявлены специфические особенности. Результаты статьи были рассмотрены в соответствии с методами исследования поэтической науки, определение художественного бытия исторических поэм с точки зрения целостности структуры. Раскрыто происхождение и*

*развитие исторических поэм, структура, жанровая специфика и взаимосвязь фольклора с другими жанрами.*

*Ключевые слова: исторический эпос, пространство, искусство, поэтика, время*

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Коныратбаев А. Казахский эпос и тюркология. – Алматы: Наука, 1987. – 368 С. (на каз)
- 2 Ибраев Ш. Мир эпоса. – Алматы: Наука, 1993. – 296 С.
- 3 Aitbayeva, V.M., Rakhimov, B.S., Shahina, S.Zh., Kadina, Z.Z., Ahmetzhanova, Z.B. Determination of national nature of a song as expression of artistic concept of ethnicity // *Astra Salvensis*, 2021. – P. 211-225 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107029452&origin=resultslist> (дата обращения: 15.10.2024).
- 4 Магауин М. Литература эпохи Казахского ханства. – Алматы: Родной язык, 1992. – 176 С.
- 5 Рахым Б. С. Природа исторического эпоса: поэтика казахских исторических поэм. – Караганда: Изд-во КарГУ, 1997. – 235 С.
- 6 Aitbayeva, V.M., Rakhimov, B.S. Current issues of a historical poem // *Problemas actuales de un poema histórico// Opcion*, 2019. 35 – P. 441- 454 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85077636429&origin=resultslist> (дата обращения: 15.10.2024).
- 7 Бердибаев Р. Казахский эпос (жанровые и стадийные вопросы). – Алматы: Наука, 1985. – 232 С.
- 8 Бердибаев Р. Проблемы казахской исторической поэмы. – Алматы: Наука, 1979. – 312 С.
- 9 Каскабасов С. Феномен целостности в Казахском фольклоре. // *Звезда*, 1992. №10. – С. 181-198.
- 10 Aitbayeva, V.M., Rakhmetova, B.A., Maulenova, A.M., ... Smailova, A.C., Rahimov, B.C. Functions of expressive facilities in heroic epos // *Ponte*, 2017. 73(10). – P.43-47 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85032472877&origin=resultslist> (дата обращения: 15.10.2024)

Материал поступил в редакцию журнала 23.10.2024

#### **Transformation of space in the historical epic**

V. Rakhimov<sup>1</sup>, G. Tleuberdina<sup>2</sup>, J. Rustemova<sup>1</sup>, V. Aitbayeva<sup>3</sup>

<sup>1</sup>E.Buketov Karaganda University, Karaganda, 100000, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

<sup>3</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

*This article examines historical Kazakh poems, which, in terms of content and artistic power, are equally significant to epic works. The purpose of the article is to reassess the integrity of historical poems and their role in our spiritual wealth from a modern perspective. Specifically, the article traces the origin, development, structure, genre specifics, and the relationship of historical poems with other folklore genres, aiming to demonstrate that the nature of art is a unified system from a poetic standpoint. Comparative and systematic analysis methods were employed to distinguish historical poems. By comparing the space and temporal elements in historical poems with those found in heroic poems, distinctive characteristics are revealed. The findings of the article are presented in accordance with the research methods of poetic science, focusing on the artistic existence of historical poems from the perspective of their structural integrity. The author explores the origin and development of historical poems, their structure and genre specifics, as well as the relationship between folklore and other genres.*

*Key words: historical epic, space, art, poetics, time.*

## REFERENCES

- 1 Konyratbaev A. Kazahskij epos i tyurkologiya [Kazakh epic and Turkology]. – Almaty: Nauka, 1987. – 368 S. (in Kazakh)
- 2 Ibraev SH. Mir eposa [The world of the Epic] . – Almaty: Nauka, 1993. – 296 S. (in Kazakh).
- 3 Aitbayeva, B.M., Rakhimov, B.S., Shahina, S.Zh., Kadina, Z.Z., Ahmetzhanova, Z.B. Determination of national nature of a song as expression of artistic concept of ethnicity // *Astra Salvensis*, 2021. – P. 211-225 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107029452&origin=resultslist> (in Eng.). (accessed 15.10.2024).
- 4 Magauin M. Literatura epohi Kazahskogo hanstva. [Literature of the era of the Kazakh Khanate] – Almaty: Rodnoj yazyk, 1992. – 176 S. (in Kazakh).
- 5 Rahym B. S. Priroda istoricheskogo eposa: poetika kazahskih istoricheskikh psalmov. – Karaganda: Izd-vo KarGU, 1997. – 235 S. (in Kazakh).
- 6 Aitbayeva, B.M., Rakhimov, B.S. Current issues of a historical poem // *Problemas actuales de un poema histórico// Opcion*, 2019. – P. 441-454 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85077636429&origin=resultslist> (in Eng.) (accessed 15.10.2024).
- 7 Berdibaev R. Kazahskij epos (zhanrovye i stadijnye voprosy). – Almaty: Nauka, 1985. – 232 S. (in Kazakh).
- 8 Berdibaev R. Problemy kazahskoj istoricheskoy poemy. – Almaty: Nauka, 1979. – 312 S. (in Kazakh).
- 9 Kaskabasov S. Fenomen celostnosti v Kazahskom fol'klore. // *Zvezda*, 1992. №10. – S. 181-198. (in Kazakh).
- 10 Aitbayeva, B.M., Rakhmetova, B.A., Maulenova, A.M., ... Smailova, A.C., Rahimov, B.C. Functions of expressive facilities in heroic epos // *Ponte*, 2017. 73(10). – P.43–47 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85032472877&origin=resultslist> (in Eng.). (accessed 15.10.2024)

Received: 23.10.2024

SRSTI 16.21.47

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss4pp247-262](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss4pp247-262)

**A.Q. Tangsyqbay<sup>1</sup>, Q.K. Kenzhalin<sup>1</sup>, A.V. Dybo<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>Institute of Linguistics, Russian Academy of Sciences, Moscow, 125009, Russia

## FEATURES OF THE USE OF COLOR NAMES IN «BABURNAMA»

*Zahīr ud-Dīn Muhammad's "Baburnama", written in the 16th century in the Chagatai language, stands as a pivotal historical and literary document for both the Turkic world and global research. This study investigates the lexical representation of colors and shades in "Baburnama", identifying 16 distinct color terms: aq, ala, qara, sariğ, yaşıl, qızıl, kök, qonqar, mällä, kälä, zard, sabz, nılä, sūsanī, banafş, and řūřī. Employing lexical and semantic analysis, the research examines not only the primary meanings of these terms but also their contextual nuances and symbolic connotations. The findings demonstrate that Babur employed color lexemes to enhance descriptive imagery and enrich his narrative with cultural and historical depth. This analysis highlights the aesthetic and conceptual frameworks of the time, offering insights into Babur's artistic and cultural vision. By explaining the lexical and stylistic dimensions of "Baburnama", this study contributes to*

*the broader understanding of the linguistic, cultural, and literary heritage reflected in this monumental work.*

*Key words: Baburnama, color names, vocabulary, semantics, stylistics, Chagatai language.*

## MAIN PROVISIONS

In modern linguistics, one can count hundreds of works devoted to the problem of color and color designations. It is studied by linguists and psychologists, art historians and physiologists, ethnographers, literary critics, cultural experts, etc. This list already indicates the complexity and multifaceted nature of the concept of color. Any natural phenomena, any of our ideas about the world around us necessarily takes on a color form and has a color expression.

As is known, researchers have not decided on the issue of terminology when describing this category of lexemes. Some of them use the already established term "color term". The terms "coloronym" and "chromatonym" are also used. The latter is also used in music, where it denotes one of the types of musical interval. In this study, the term "color name" will be used, meaning "a word denoting color."

A color name (or color term) is a word or phrase that refers to a specific color. This study examines the composition and semantic structure of color names, the features of this lexical-semantic group of words in «Baburnama».

Colours in historical texts often carry not only descriptive meaning, but also deep cultural, symbolic and social subtext. Studying colour names helps us understand how people of the past perceived the world around them, what symbolic meanings they attached to certain colours, and how this affected their culture, religion, politics and everyday life. For example, in the «Baburnama», the use of colours such as red, white and green can reveal not only the description of objects or phenomena, but also their meaning in the context of the culture and traditions of that time.

Studying color names in historical texts allows us to trace how the meanings and usage of words have changed over time. This helps us understand the evolution of language, changes in vocabulary and semantics, and the influence of other cultures and languages on the original language. For example, many of the color names used by Babur have survived in modern Turkic languages, including Kazakh, indicating long-standing linguistic and cultural connections.

The study of color names integrates linguistics, history, ethnography, and cultural studies, creating an interdisciplinary approach to the study of historical texts. This allows for a more complete and profound understanding of the era and culture in which the text was created, as well as the connections between language, culture, and society.

## INTRODUCTION

«Baburnama» (or «Vaḡāyī») is an autobiographical literary work written by Zahīr ud-Dīn Muhammad (1483-1530), the founder of the Mughal Empire in India. Babur was a remarkable historical figure who left a lasting mark on history as a military leader, ruler, writer, and poet. The founder of the Mughal Empire in India, he was a multifaceted figure whose contributions spanned many fields, from military science to literature and natural science. Babur wrote in the Chagatai language and was renowned for his literary talent. His major work, Baburnama, is a memoir in which he details his life, military campaigns, political intrigues, and personal thoughts and observations. This work is one of the finest examples of autobiographical literature in medieval Muslim culture.

Babur had a deep interest in the natural world, which is evident in his descriptions of nature in the «Baburnama». He describes in detail the flora and fauna of the regions he visited, including descriptions of trees, flowers, birds, and animals. His observations show that he was an attentive and keen naturalist.

His descriptions of plants and gardens, especially in India, demonstrate his knowledge of botany and landscape design. Babur was also known for his efforts to create gardens in the traditional Persian style in new lands, emphasizing the importance of nature and beauty in everyday life.



This text is one of the most significant works written in the Chagatai language, combining historical information, autobiography and artistic description. In his work, Babur describes not only the political and military events of his life, but also carefully describes the surrounding nature and cultural environment. The description of the smallest details helps the reader to feel the atmosphere of the places and times described. This is especially noticeable when describing nature and seasonal changes, where Babur uses color names to convey his perceptions. The author often inserts descriptions of nature into the text, where the colors of various objects are mentioned, for example, the colors of flowers, the greenness of plants, the colors of animals and other elements of nature. Studying the use of color names in the Baburnama opens up great opportunities for a deep understanding of both the text itself and the language in which it is written.

"Color" words in Turkic languages have been actively used since ancient times in the creation of a linguacolor picture of the world, categorization (dismemberment) of color space, as well as in other Turkic languages without exception, both as part of common determinative composites and numerous onomastic constructions formed from the corresponding physical-geographical appellatives as a result of onymization. In these phrases, in most cases, the original nominative meaning of common lexemes is preserved, in some cases, lexicalization of meanings occurs, which is a process of semantic shift towards narrowing or expanding the meaning. In the semantic structure of two-component constructions with a color "filling", metonymic transfer can also be observed, i.e. the separate can be the name of the whole as a result of rethinking the component meanings.

Color terms in the lexical system of Turkic languages were created over a long period of time in direct connection with historical-geographical, social, linguistic and extralinguistic conditions.

Бұл қалыптасу жолы – қазақ халқының ең жоғары рухани әдет-ғұрпын сақтай отырып, бүкіләлемдік цивилизацияның барлық жетістіктерінен үйрене отырып, болашақ тұлғаны өмір талабына сай жан-жақты дамыту. Бұл жолда әр тұлға өз ойын ортаға сала отырып, басқаның оң идеяларын қабылдай жүріп, азаматтық сана қалыптастырады. Тұлға білім алу – өзін-өзі тану үшін, білім алу – іс-әрекет жасау үшін, білім алу – білу үшін және білім алу – бірге өмір сүру үшін қажет екендігін ұғынады.

Осыған орай, енді оқушыны бағдарлама мен оқулықта белгілі көлемде жүйеленген білім мен біліктілік дағдыларымен ғана қаруландыру жеткіліксіз екендігі өздігінен-өзі туындап отыр.

Сондықтан білім берудің мазмұны мен көлемін анықтайтын тұлғаның іс-әрекеті болып табылады.

Осы тұрғыдан келгенде, зерттеушілердің пікірінше, оқу-танымдық құзіреттіліктің қалыптасуы әлеуметтік ортамен және жеке тұлғаның танымдық қажеттілігін оятуға ынталандыратын оқыту үрдісімен, сондай-ақ тұлғаның өзінің белсенділігімен, ұжымдық іс-әрекет рөлімен, оны ұстанған мақсат- мүддесімен үндесе жүретін күрделі үрдіс.

Сонда функционалдық сауаттылықтың кілті – тану.

Қарапайым болмысты болсын, нақты ғылым саласы болсын оны объектілік тұрғыда жан-жақты тану қажет. Сонда оны қажетсінеді, керек екенін түсінеді.

Таным – бұл адамның болмысты бейнелеу әрекетінің ғажап түрі. Адам айналадағы білімді санасына таным әрекеттері арқылы қабылдап, түсініп, миында қорытып, еске сақтап, таниды. Адамның нақты мақсатына бағытталған және шығармашылық іс-әрекетке негізделген таным нәтижесінде сыртқы әлемнің образдары қалыптасып, олар туралы білім пайда болады.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Мақалда қазақ тілін танымдық, білімдік, коммуникативтік мақсатқа сай оқытуда сөздің лексика-семантикалық топтарымен байланыста функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесі сөз болғандықтан, белгілі бір пәнді, онда жүйеленген тақырыптарды, оның заңдылықтарын тану, түсіну мәселесі сөз болады.

Осыған орай, біріншіден, білім беру құжаттарына, оның ішінде «Ұлттық жоспарға» шолу жасалды. Екіншіден, таным теориясына қатысты ғалымдар С.Мырзалы, Э.Оразалиева, Б.Қалиұлы, С.Исақовалардың еңбектері зерттеп зерделенді.

Сонымен қатар функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда тіл теориясы, оның ішінде сөздің семантикалық өрісін танудың функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы рөлін айқындау мақсатында ғалымдар Ә.Болғанбаев, М.Серғалиевтардың еңбектері негізге алынды.

Мақала тақырыбын зерттеу барысында оның методологиялық негізі етіп алынған ғылыми материалдар бойынша салыстыру, анализ-синтез, индукция-дедукция әдістері қолданылды.

## ТАЛҚЫЛАУ

Жаңартылған білім мазмұнының мақсатына сай функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін мектепте оқытылатын кез келген пән білім алушының болашақтағы қажетіне жарайтындай танымдық сипатта оқытылуы тиіс. Ол үшін кез келген ғылым саласы бойынша, яғни кез келген пән бойынша жүйеленген тақырыптар табиғи негізі, өмірге қажеттілігі танытыла оқытылуы тиіс. Баланың таным көкжиегінің дамуының басты негізі – тіл. Тіл – кез келген танымдық іс-әрекеттердің құралы, ойлаудың формасы және оны дамытудың негізі болып саналады. Тіл мен таным сабақтастығы таным теориясының тілдік болмысын сипаттайды. Адамның қоршаған ортаны, дүниені қабылдауы, түсінуі және ол туралы өзінше пайымдауы танымдық әрекеттер арқылы жүзеге асады. Адам болмысының аса құнды қасиеттерінің, яғни санасы, терең білімі, ақылы, мәдениеті, рухани байлығының бәрі оның танымының тереңдігі болып саналады.

Философия ғылымында: «Таным – өте күрделі үрдіс, оған адамның бүкіл жан дүниесі: түйсіктері, ақыл-ойы, ырқы, сезім-тебіреністері, ішкі көкей көзі (интуиция) – бәрі де өзара бір-бірімен байланысты түрде қатысады», – делінеді. Ал ғалым С.Мырзалы: «*Теория* дегеніміз – зерттелетін заттар, я болмаса құбылыстардың ішкі мән-мағынасын ашатын, практика арқылы дәлелденген қайшылықсыз бір-бірімен байланысты ұғымдар жүйесі» [1, 502], – дейді. Сонда, тіл біліміндегі таным теориясы – адамның айналадағы заттар мен құбылыстарды, дүниені тану, түсіну, ол туралы ұғымдарды санада тіл арқылы бейнелеу әрекеттерін, оның ұстанатын ұғымдарын, ерекшеліктерін, әдістерін зерттейтін ғылым саласы.

Тіл мен таным ұғымдарының сабақтастығы, тілдік құралдар арқылы адам санасына орнығатын танымдық бейнелер мен үлгілер – барлығы дерлік осы маңызды лингвистикалық бағыттың зерттеу нысанын сұрыптайды. Психология, логика, философия ұстанымдарымен тығыз байланыста айқындала отырып, когнитивті лингвистика сана, қабылдау, сыртқы әлеммен үздіксіз байланыста болу, тану, бақылау, пайымдау сияқты ұғымдардың ұштасуы негізінде дәйектеліп отырады. Бүгінгі күні лингвотанымдық зерттеулер тілді танымдық әрекеттің жемісі деп қарастыру арқылы адам бойындағы ерекше табиғи қабілеттерге көңіл бөлуді мақсат етіп отыр. Когнитивистер адам тілді саналы түрде ғана қолданбайды, ол рефлексті түрде санасына орныққан танымдық қорды ретімен пайдалану арқылы қарым-қатынас жасайды, ойын сыртқа шығарады, пікірін айтады, тіпті жаңа затты да сәйкестендіре-салыстыра таниды деп есептейді. Оның негізінде тілдің екі түрлі ерекшелігі жататындығын ескерген ғалымдар тілді әрі қоршаған ортаны тану құралы, әрі ұғымдар мен терминдерді қалыптастыру мүмкіндіктері қатарында қарастырады [2, 12-13].

Ғалым Б.Қалиұлы, С.Исақова тіл мен танымның ара-қатынасын *дүниенің тілдік бейнесі* деп алып, оған мынадай анықтама береді: «Дүниенің тілдік бейнесі дегеніміз – белгілі бір тілде көрініс тапқан, сол ұлт өкілдеріне ортақ, ұжымдық тәжірибе негізінде жасалған білімдер жүйесі. Дүние тіл арқылы танылады, танылған дүние тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Адамның таныған дүниесі, көкірегіне түйгені оның тілінде таңбаланады. Тіл болса адамның сөзді (тілді) жасау, айту, жазу, тыңдау, қабылдау, түсіну, ұғу, бағалау әрі қолдану, есте сақтау құбылыстарымен тығыз байланысты» [3, 6], – екенін атап көрсетеді.

Сондықтан да мектепте оқылатын «Қазақ тілі» пәнінің әлеуметтік мәні зор. Оқушы «Қазақ тілі» пәні арқылы тілдің үш түрлі қызметін: теориялық мәселелердің практикалық дағдының базасы болатынын пайымдауға үйрететін білімдік қызметін, жалпы адамзат жинаған тарихи-мәдени, рухани мұраларды тіл арқылы меңгеруге болатын және өз ойын жеткізудің, өзін-өзі тану мен өзгені танудың бірден-бір құралы тіл екендігіне көз жеткізетін танымдық қызметін, алған білімді практикалық тұрғыда қалай қолдану іскерліктерін жетілдіруге бағыттайтын коммуникативтік қызметін таниды.

Осы тұрғыдан келгенде де, қазақ тілін оқытудың типтік бағдарламасы бойынша білім берудің негізгі сатысында қазақ тілін оқытудың мақсаты – ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға дайындауға мүмкіндік жасау делінеді.

Ол үшін өзі өмір сүріп отырған қоғам мен ана тілінің, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінуде оқушы тұлғаға тілдегі сөздердің мағынасы мен мәнін меңгертудің маңызы зор. Халықтың рухани мәдениеті мен салт-дәстүрін, халық педагогикасын сана-сезімдеріне сіңіруде де тілдің сөздік қоры мен сөздік құрамын үйретудің мәні айрықша. Қазақ тілінің лексикалық қорын меңгеру арқылы оқушы тілдің не бір терең қабаттарындағы тылсым қырларын меңгеруге мүмкіндік алады. Сөз мағынасындағы түрлі мағыналық реңктерді меңгерген оқушының сөйлеу мәдениеті де жоғары болады.

Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілі сабағы оқушы үшін тек грамматикалық ережелер жаттайтын, қызықсыз жаттығуларды құлықсыз орындататын пән қатарынан шығып, баланың ой өрісін өсіріп, оған тілдің ұлттық мәдени мұра, тіршіліктің өзегі, танымның көзі екені сезіндіріле оқытылуы қажет. Бұл оқу материалдарының, жалпы білім мазмұнының ішкі байланыстарынан туындап, оқушының шығармашылық бағыттағы жұмыстарымен ұштасқанда ғана жүзеге асырылады. Шығармашылық баланың интуициясына, қиялына, таным деңгейіне сүйеніп, оның өмірге, қоршаған ортаға деген қатынасын қалыптастыруға септігін тигізеді. Оқушының таным деңгейі оның сөйлеу тіліне, сөздерді орынды қолданып, сөйлемді дұрыс құрастыру, ойын жеткізе білу іскерлігіне тікелей тәуелді. Сондықтан жаңа бағдарламада оқушының тілдік білімін кеңейтіп қана қоймай, олардың пәнге қызығуын, ынтасын арттыратын әлеуметтік, танымдық мотивтердің қалыптасуына жол аша отырып, алған білімдерін практикалық іскерлік-дағдыға айналдыру көзделеді.

Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқытудың мақсаты – тіл білімін, тілдік бірліктерді, оның ғылыми заңдылықтарын меңгерту арқылы теория мен практиканы ұштастыра отырып, тіл үйренушінің ой-өрісін кеңейту.

Аталған мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттер қоюға болады:

- ✓ қазақ тіл білімі мен онда қарастырылатын тілдік тақырыптардың таным теориясымен байланысын көрсете білу;
- ✓ тіл біліміне қатысты таным теориясының негізгі қағидаларын игеріп, оны қоғамтану мен өміртануда дұрыс қолдана білу;
- ✓ қазақ тілін оқыту барысында оның басқа салалармен байланысын жүзеге асыру;
- ✓ оқыту барысында оқушылардың, ойлау қабілетін, қоршаған ортаны зерттеп тану қасиетін, өзіндік ой-пікірін дәлелдеп жеткізе білу дағдысын жетілдіру, олардың дүниетанымын кеңейту;
- ✓ ой, сана, тіл тұтастығы арқылы тілдік қатынасты жете меңгерту, таным үдерісін жан-жақты іске асыру.

Тіл – пішін мен мазмұн бірлігінен тұратын тілдік құралдардың жиынтығынан, олардың өзара байланысу ерекшелігінен сұрыпталған күрделі де әмбебап құбылыс. Сондықтан ғалымдар тілдің өзіндік ерекшелігін таныта әрі тіл бөлшектерінің функционалдық қызметін таныта бүгінгі білім беру жүйесінің талабына сай осы құрылымдық, жүйелік өзгешелігін терең де жан-жақты оқыту керек деп есептейді.

Себебі қазақ тілін оқытуда тілдік және қатысымдық бірліктер білім мен таным үдерістерін біріктіреді. *Әсіресе сөз* коммуникативтік тұлға ретінде әрі атауыштық, әрі танымдық қызмет атқарады. Өйткені сөз – сөйлеу, пікір алысу үрдісіндегі басты бірлік, тілдік единица.

Сөйлеу үдерісіндегі сөздің ерекшелігі – ол нысандық шындық пен өмірге байланысты ұғымдарды сананың қабылдауы нәтижесінде ойда бейнелейді де, тілдік қатынаста іс жүзіне асырады, дыбысталу арқылы сыртқа шығарады. Сонымен қатар іс-әрекет, жүріп жатқан ортаның әсері, адамның көңіл-күйін де қоса білдіреді. Адамның көңіл-күйі оның өзіне тән мінезімен, пікірлесу қабілетімен ұштасып жатады. Адамға әсер ететін сыртқы орта оның танымын жетілдіреді.

Осыған орай, қазақ тілін оқытуда сөздің мағынасын түсіндірумен қатар сол мағынаны қалай, қандай тіркесте қолдана білу керектігіне ерекше мән берген жөн. Өйткені жеке *лексикалық единица* ретінде сөз адам ойын, көзқарасын толық білдіре бермейді. Бір адамның екінші адамға жеткізейін деген пікір-қозғарасы қажет сөзді дұрыс таңдап алумен бірге оның қандай мәтінде көрініс тауып тұрғандығына да байланысты. Сөздердің дұрыс тіркесуі, басқа сөзбен жымдасуы, айтылар мәнері мен ырғағы айтушының *сөйлеу қабілетін, сөз байлығын, таным деңгейін* көрсетеді. Сондықтан сөзді, оның лексика-семантикалық, яғни мағыналық түрлерін оқыту барысында сөз арқылы жеткізілер басты ұғымды, онымен тіркесетін тілдік бірліктерді де нақтылы мысалдармен дәлелдей түсіндірген жөн.

Ұғым – адам санасында танымдық бейне туғызатын ерекше құрылым. Себебі адам бейнелеуіндегі әлем, бір жағынан, жеке тұлғаның субъективті танымының жемісі болса, екінші жағынан, ол кез келген қабылдаудың астарында жататын қоғамдық факторлармен де үздіксіз байланыста дамиды ортақ тәжірибелік көрсеткіш болып табылады. Танымдық құрылымдар пәнді меңгеру барысында әр түрлі тілдік құралдар арқылы сипатталып, әрқелкі деңгейде қабылданады. Тілді жалпы танымдық механизм ретінде түсініп қолдану тілдік бірліктерді терең игеруге септігін тигізеді.

Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқытудың басты қайнар көзі – тілдік материалды пәнаралық байланыстың негізінде ғылым мен білімді өзара тоғыстыра отырып, жеке тұлғаның рухани әлемін байыту, баланың өзіне тән көзқарасы мен пікірін қалыптастыру, *ашық әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігін* қалыптастыру. Ал ол тұлғаның ғылым салаларынан алған білімін өмірмен ұштастыра алу, дүниені, ортаны, адамды жан-жақты зерттеп тани білу, тілдік материалдар арқылы сыртқы қоршаған ортаны өз ой-санасымен зерделей отырып, тілдік қатынасқа түсу сияқты функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Бұл білім беру үрдісін мазмұндық жағынан тереңдете түседі.

Жаңартылған білім мазмұнының методологиялық негізі де – осы. Себебі тілдік материалды теориялық тұрғыдан танудың негізінде ғана функционалдық сауаттылық қалыптасады.

Әрине оқушы тұлғаға қазақ тілі сабағында сөз бен сөйлемнің ерекшелігін, мәтін түзу заңдылықтарын меңгерту арқылы оқушыға *ой салу, ойланту, өз пайымын тіл арқылы дәл, нақты, шешен жеткізе білуге жетелеу* ұстаз тарапынан көп ізденісті қажет етеді. Осы орайда ұстаз Қ.Бітібаева: «Ой салу – ұстаз тарапынан, ойлану – шәкірт тарапынан, ойланту – ұстаз тарапынан, шешімге келу – оқушы тарапынан болу керек» [4, 52], – дейді. Өйткені таным үдерісі, біріншіден, ұстаз бен оқушының бірлескен әрекеті арқылы іске асса, екіншіден, олардың әрқайсысы жеке тұлға ретінде түрліше әсерге бөленеді.

Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту мынадай мәселелерді қамтиды.

✓ Тілдік заңдылықтарды танымдық тұрғыда оқыту арқылы қазақ тілі пәнінің білім мазмұнына сәйкес тілдік қағидаларды басшылыққа ала отырып, жалпы адамзатқа тән



қасиеттермен сабақтастыра білу сабақтың білімдік мақсатымен қоса танымдық мақсатын жүзеге асыруға ықпал етеді.

✓ Тілдік заңдылықтарды танымдық тұрғыда оқыту оны терең түсінуге тұлғаның есте сақтау қабілетін, жадын, кез келген ақпаратты қабылдау дағдысын, шешімді пікір, дәлелді мысал келтіре алу қабілетін жетілдіреді. Әрі берілген тақырып ішінен ең қажетті, ең пайдалы мәселені сұрыптап, таңдай білуге, ойлау қабілетін ұштап, соған сай әрекет етуге жетелейді. Себебі адамның тілдік әрекеті жалпыға ортақ танымдық қабілеттерден туындайды. Ал ойды сыртқа шығару кезінде сөйлемді дұрыс құрастыру, логикалық қорытындылар жасау, таныс мәліметтерден жаңа деректер жинақтау, оларды жоспарлау мен жүзеге асыру – жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін аңғартады.

✓ Тілдік заңдылықтар таным теориясына сай оқытылса, сабақтағы материал сынып шеңберінен шығып, табиғи ортамен тығыз байланысты болып, қоғамдық өмірмен астасады. Оқушы тұлғаның ой-өрісін дамытып, сана-сезімін кеңейтеді.

✓ Тілдік және қатысымдық бірліктердің мағыналық ерекшеліктерін нақты мысалдармен түсіндіріп, әр сөздің мағыналық реңкіне сай тіркес пен сөйлем құрамында қолдана отырып ойды түрлендіруге болатын мүмкіндіктер жасау, сөзді әр түрлі жағдаятқа сәйкес бейнелі жеткізуге үйрету оқушының танымдық қабілетін жаттықтырады.

✓ Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту берілген білім мазмұнын тереңдетеді, қоғамдық-әлеуметтік өмір мен ғылым, білімді ұштастыра отырып, болашақ маманның дүниетанымын кеңейтеді, өзінше ой-пікір түйіндеуге үйретеді.

Бұл аталған мәселелер қазақ тілін танымдық тұрғыда оқытудың тиімділігін дәлелдей алады.

Мәселен, *синонимдер* жалпы тіл білімінің үлкен бір саласы лексикологияға ғана қатысты болып қоймай, сонымен қатар, сөздердің мағыналық жақтан қалыптасу, өзгеруімен де байланысып жатады. Мұны синоним сөздердің мағыналық даму, өсу жолдарынан анық аңғаруға болады. Сөздің мағыналық жақтан дамуы нәтижесінде жаңа синонимдік қатарлар пайда болады. Синонимдердің пайда болу жолы тілдегі сөздердің, олардың әртүрлі мағыналарының қалыптасу жолымен бірлікте қаралады [5].

Кез келген тілді алсақ, синонимдер – сол тілдің сөздік құрамы мен сөз байлығының дәрежесін байқататын бірден-бір сапалық көрсеткіш. Оның тілдегі сөздік қордың дамуына ғана емес, жалпы көркем әдебиеттің, сөз өнерінің кемелденіп, толысуына, көркем сөздің жетілуіне, күнделікті өмірде қарапайым сөйлеу тілінің нәрленіп, қалыптасуына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, лексикалық синонимдердің қоғамдық-тілдік қарым-қатынаста атқаратын маңызы зор. Синонимдер, біріншіден, әдеби тілдің жоғары талғамды болуын қажет етсе, екіншіден, қарапайым сөйлеу тілінің әдеби тіл дәрежесіне көтерілуіне ықпал етеді.

Жалпы тілдегі лексикалық синонимдер құбылысын зерттеп тану өте ертеректе басталған. Зерттеу барысында байқағанымыз ғалымдар негізінен синонимдес сөздердің сәйкес мағыналығы мен сөздік құрамда алатын орнына көңіл аударып келген.

Кейіннен синонимдердің жеке сөз табына қатысты ерекшелігіне назар аудару байқалады. Мәселен, «Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер», «Қазақ тіліндегі етістік синонимдер», «Қазақ тіліндегі сын есім синонимдер» деп жеке-жеке қарастырылады.

Синонимдерді таным теориясы тұрғысынан когнитивтік аспектіде оқыту үшін оның анықтамасының теориялық негізі ашылуы қажет.

Синонимдерге анықтама беруде ғалымдар әр түрлі белгілеріне сүйенеді. Мәселен, Л.А.Булаховский, А.Д.Григорьева, Л.Н.Саркисова, В.К.Фаворин синонимдер – мағынасы жағынан тең сөздер десе, Р.А.Будагов, А.Н.Гвоздев синонимдер – мағыналары жағынан сәйкес, бір ұғымды білдіретін сөздер, Е.М.Галкина-Федорук, Н.М.Шанский, К.В.Горшков синонимдер – бір ғана объективтік шындықты бейнелей келіп, стилистикалық және мағыналық реңктер арқылы айқындалатын сөздер деп тұжырымдайды [6].

Ал ғалым Ә.Болғанбаев: «Синонимдер – сөздің дыбысталуы мен мағынасы жағынан салыстырып қарағанда, омонимге қарама-қарсы тұрған лексика-семантикалық тілдік құбылыстар», – деп көрсетеді

Әрі сөздің дыбысталуында аз да болса, тұлғалық өзгешелік болуы қажет, сөздер бір ғана ұғымды білдіруі қажет, сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуы қажет деген сияқты өзіндік белгілерін атайды.

Ғалым Ф.Оразбаева «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер» деп аталатын еңбегінде: «Синоним сөздердің мағыналық үндестігі оның басқа да белгілері мен ерекшеліктеріне негіз болады» [7, 35-42], – дейді.

Сонымен қатар, зерттеуші синонимдердің лексикалық мағыналары ұқсас, сәйкес болады, синонимдік қатарға енетін сөздер бір ұғымды білдіреді, өзара синоним сөздер бір сөз табына жатады, синонимдер бір-бірінен эмоциялық реңк пен экспрессивтік мәндер арқылы ажыратылады деген сияқты белгілеріне тоқталады.

Ғалымдардың бұл мәселеге қатысты әр түрлі пікірлерін қортындылай келе, олардың қай-қайсысы да синонимдерді анықтауда сөздердің мағыналық сәйкестігін басты белгі деп санайтынын байқаймыз. Бірақ бірыңғай синонимдік қатарға енетін сөздердің ұқсас, сәйкес мағыналықтан басқа да ерекшеліктері жоқ емес. Жалпы лексикалық синонимдерді анықтау мәселесінде бір ұғымды білдіре келіп, түрліше экспрессивтік-стистикалық бояулар арқылы, лексика-семантикалық айырмашылығы арқылы ажыратылатынын ескеру керек. Мағынасы жағынан синоним сөздер өзара қаншалықты ұқсас болса да, қазақ тілі фактілерінің тұрғысынан қарағанда, олардың арасында абсолютті синоним жоқ деуге болады, яғни бірінің орнына бірі еркін қолданыла алмайды. Осы тұрғыдан келгенде, ғалым І.Кеңесбаев «Синонимдердің көпшілігі бір-біріне мағына жағынан абсолют түрде сай келе бермейді. Аздап болса да, олардың арасында семантикалық айырмашылық болады» [8, 27], – деп көрсетеді.

## НӘТИЖЕЛЕР

Ал синонимдерді когнитивтік аспектіде танымдық тұрғыда оқыту синонимдер семантикасы мәселесімен тығыз байланысты. Бұл ой ғалым М.В.Никитинаның: «Синонимия құбылысының табиғаты синонимдерді анықтаудан ғана тұрмайды, олардың арасындағы семантикалық ерекшеліктерді анықтау да өте маңызды, сонымен қатар сол ерекшеліктер пайда болатын жағдайды анықтаумен де тығыз байланысты», – [9] деген пікірімен үндеседі.

Сондықтан сабақта пән мұғалімі лексиколог ғалымдардың осы айтылған пікірлерін негізге ала отырып, синоним сөздердің басқа да мағыналық түрлерінен ерекшелігін ашып, ажыратып түсіндіру керек. Әрі «Синоним» тақырыбын түсіндіруде *синонимдік қатар* жайында түсінік беруді сабақ жоспарында мақсат еткен жөн.

*Синонимдік қатар* жөнінде Ә.Болғанбаев «Синоним сөздердің жалпы мағыналық бірлестігіне қарай топтастырылуы», – десе [10, 36-37] Ю.Д.Апресян «Синонимдік қатар – белгілі бір жүйеге бағынған сөздердің ертеден қалыптасқан тобы», – дейді [11, 83]. Ал В.А.Сиротина «Синонимдік қатар – синонимдік қарым-қатынаста алынған сөздердің тобы», – деп тұжырымдайды [12, 37]. Ғалым В.Н.Клюева «Синонимдік қатарға мағыналық реңкімен ажыратылатын сөздер ғана емес, стильдік және қолданылу аясымен ерекшеленетін сөздер де енуі тиіс» [13, 7], – деп таниды.

Жоғарыда аталған тұжырымдарға сүйене отырып, синоним, синонимдік қатар жайлы жан-жақты түсінік берілген соң, оқушының сөз байлығы артып, өз ойын әрі нақты, әрі образды жеткізуге жаттықтырылады.

Мысалы, *үлгілі – өнегелі – тәлімді – тәрбиелі* синонимдік қатардағы сөздер, жақсы тәлім тәрбие алған деген ұғымды білдіре келіп, өзара синонимдес болып тұр. Бұл синонимдес сөздердің мағыналары өзара ұқсас болғанымен, бірдей емес. *Үлгілі* сөзінде үлгі боларлық қасиет мол деген мағына басымырақ болса, *өнегеліде* дәл осы мағына алғашқы сөзден де терендей түсіп, өзіндік мағыналық реңкке ие болған. Ал *тәлімді* сөзінде көрген-түйгені көп, *тәрбиеліде* жақсы тәрбиеден шыққан деген мағыналар ілгергілермен үйлесіп тұр. Алайда бұл ұғым атауларының, яғни синонимдердің мағыналары ұқсас, бірақ тепе-тең емес. Оны түсіну үшін, синонимдік қатардағы сөздердің мағыналық ерекшелігін тану үшін, мәтін ішінде алып қараған жөн.

Мысалы,

*Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,  
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен,  
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,  
Өлсең де, өлмесең де боласың тең* (А.Құнанбайұлы)

*Үлкен-кіші естісе таңырқаған,  
Өнегелі, үлгілі әр сөзіне* (Халық әні)

*Атадан тақ баламын,  
Жауға кетіп барамын.*

*Тәлімді өскен ағамын,  
Әлде қандай боламын?! («Қобыланды батыр» жыры)*

Бұл мысалдардың барлығында да өзара мәндес сөздердің әрқайсысы өзіндік мағыналық реңкке ие бола отырып, *жақсы*, *үлгі тұтарлық қасиет* деген бір ғана ұғымды білдіріп тұр. Демек, бір ұғымды білдіру – белгілі бір синонимдік қатарға кіретін сөздердің бәріне де ортақ, тән қасиет.

Алайда мазмұндық-мағыналық ерекшелік бар. Синонимдік қатарға сөздердің жалпы мағыналық бірлігіне қарай топтастырылады. Ол үшін, ең алдымен, *доминант* (тірек немесе таяныш сөз) таңдалып алынады да, қалған мәндес сөздер сол тірек сөздің төңірегінде топтастырылады. Доминант етіп алынған сөз бір қатардағы сөздерді мағына жағынан топтастыруға ғана ұйытқы болып қоймайды, сонымен қатар оларды белгілі алфавиттік жүйеге келтіруге де жетекші қызмет атқарып тұрады. Сондықтан осындай тірек сөздерді іріктеп бөліп шығару үшін кез келген сөздерді ала бермей, бір қатардағы сөздерді өзара саралап бөліп, солардың ең таңдаулыларын сұрыптап ала білу керек. *Доминант сөздер* мынандай белгілер арқылы танылады:

- а) мағына жағынан дәл болуы керек;
- ә) стильдік мәні жағынан ең жиі қолданылатын бейтарап сөз болуға тиіс;
- б) көп мағыналы емес, көбінесе жеке (дара) мағыналы болып келгені тиімді;
- в) доминант сөз бір қатардағы басқа сөздерге мағына жағынан негіз боларлықтай болу керек;
- г) неологизм мен көнерген сөз қатар келгенде, доминантқа жаңа сөз алынуы керек;
- д) жалпы халықтық сөз бен диалектизм қатар келгенде, әрдайым әдеби варианты доминант болып алынады;
- е) қазақтың төл сөзі мен термин сөз жұптасып келгенде, әр сөздің әдеби тілдегі басымдылығына қарай кейде олай, кейде былай шешіле береді;
- ж) жеке сөз фразалық тіркестер қатарласып келгенде, доминантқа көбінесе жеке сөз алынады;

Синонимдес сөздердің келесі бір ерекшелігі – олардың бір сөз табынан болуы. Мұндай жағдайда белгілі бір синонимдік қатарға енетін сөздер (негізгі түбір болсын, белгілі аффикстердің көмегімен басқа да сөз табынан жасалған туынды түбір болсын) бір сөз табында тұруы шарт. Мәселен, бір синонимдік қатарға енетін жоғарыдағы – *үлгілі*, *өнегелі*, *тәлімді*, *тәрбиелі* сөздері – сөз тудырушы аффикс арқылы заттық ұғым атауынан (*үлгі*, *өнеге*, *тәлім*, *тәрбие*) жасалған туынды сындық ұғым атаулары.

Besides, the result of using the communication technologies is harmonious development of all the communication skills of the students, their speech, listening comprehension, reading, writing, and analytical processing of the information; overcoming the fear of public speech; feeling free in real communicative situations; development of the vocabulary; reception and application of the new information in the sphere of science, education and communications[14, 441], – делінеді.

Яғни тақырыпты талдау барысында оқушының білім мен білік дағдыларын, сауатты сөйлеу әрекетін қалыптастыру негізінде оның оқу процесіне белсене қатысуына, өзіндік ойының қалыптасуына, оның сауаттылығына жауапкершілікпен қарауына, өзгенің пікірін

тыңдап, түсініп, аналитикалық талдау жасап, әрі оны өңдей алуына мүмкіндік жасай алатындығына көз жеткізілді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Көріп отырғанымыздай, қазіргі таңда жаңартылған білім мазмұнының мақсатына сай оқытудың мазмұны түбегейлі өзгеріп, бірінші кезекке бұрынғыдай оқушыны пәндік білім, білік және дағдылардың белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін дұрыс және тиімді ұйымдастыру негізінде жеке тұлға ретінде қалыптастыру мақсаты алға қойылып отыр.

Білім беру және оқыту теориясының оқушыларды оқыту мәселесіндегі талаптарының бірі – танымдық белсенділік пен саналылық. Бұл талаптардың орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді [15]. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білімді алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі – білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ете алу. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі – оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білу болып табылады.

Ғылымның барлық саласы өзінің алдына қоғам қойып отырған міндеттерін оң нәтижелі шеше алуы үшін, ішкі салаларын одан әрі саралай тереңдетіп дамытады немесе басқа ғылым салаларымен интеграциялай отырып жаңа бағыттар туғызады.

Зерттеу барысында байқағанымыздай, ғалымдар танымдық іс-әрекет ұғымы мен танымдық белсенділікті қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мырзалы С. Философия. – Алматы: Бастау, 2014. – 648 б.
- 2 Оразалиева Э. Танымдық қазақ тілі. – Алматы: Мұрагер, 2005. –184 б.
- 3 Қалиұлы Б., Исақова С. Танымдық қазақ тілі. Алматы: Мұрагер, 2009 –132 б.
- 4 Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін тиімді оқытудың жолдары. Алматы: Рауан, 1990. – 199 б.
- 5 Бизақов С., Болғанбаев Ә., Дәулетқұлов Ш. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 720 б.
- 6 Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер. Алматы, 1957. – 6 б.
- 7 Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер. Алматы Мектеп, 1988. – 315 б.
- 8 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: "Арыс" баспасы, 2007. - 800 б.
- 9 Никитина М.В. Курс лингвистической семантики. Санкт-Петербург. 1996 – 451 с.
- 10 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 216 б.
- 11 Апресян Ю.Д. Избранные труды. Т. 1: Лексическая семантика. Москва, 1995. № 6, – 83 с.
- 12 Сиротина В.А. Лексическая синонимика в русском языке. Москва, 1979. – 37 с.
- 13 Ключева В.Н. Краткий словарь синонимов русского языка. Москва, 1961. – 7 с.
- 14 Bariya B. Zhakhina and et.(2020) Development of Communication and Speech Skills of Students in the Process of Education// Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment,8, 437-442 p.
- 15 Bariya B. Zhakhina and et (2018)Use of communicative learning technologies for speech activity development of junior pupils//ESPACIOS!ÍNDICES.Vol. 39 (Number 40), p.40-45

Материал 30.10.2024 баспаға түсті

## **Теория познания и функциональная грамотность**

Б.Б. Жахина

Кокшетауский университет им.Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

*Как известно, цель современной системы образования – формирование функционально грамотной личности с высокой компетентностью, способной использовать полученные знания для жизненных потребностей, проявлять себя в меняющейся среде.*

*В этой связи в статье говорится о том, что согласно методологической основе обновленного содержания образования любой предмет, изучаемый в школе, должен преподаваться в познавательном аспекте, чтобы соответствовать жизненным потребностям ученика.*

*Также говорится о том, что такие качества, как сознание, знание, ум, культура, духовное богатство, присущие человеческой сущности, относятся к многогранности познания.*

*Это подтверждается определением «теории познания» в философии.*

*Как известно, ключом к развитию познавательного горизонта личности ученика является язык.*

*В этой связи в статье отмечается, что предмет казахский язык, изучаемый в школе, имеет большое социальное значение, поэтому его теоретическое изучение в образовательной деятельности, познавательной деятельности, коммуникативной деятельности необходимо преподавать в познавательном аспекте.*

*Кроме того, обозначены задачи обучения языку с точки зрения теории познания.*

*Затрагиваются вопросы, входящие в изучение казахского языка в соответствии с теорией познания и ее эффективностью.*

*В статье говорится о том, что язык – это универсальное явление, состоящее из взаимодействия языковых средств, состоящих из единства формы и содержания, и что «слово» является важнейшей языковой единицей коммуникативного характера, выполняющей как номинативную, так и познавательную функцию. При этом подчеркивается, что для функционально грамотного использования слова в словосочетании, предложении, тексте, личность должна обладать глубоким пониманием семантики слов. И этот вопрос подтверждается тем, что при изучении синонимов необходимо осознавать их семантические особенности.*

*Ключевые слова: теория познания, личность, открытый разговор, беседа-размышление, свобода слова, семантика, лексическая единица.*

## **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

- 1 Мырзалы С. Философия. – Алматы: Начало, 2014. – 648 с.
- 2 Оразалиева Э. Познавательный казахский язык. – Алматы: Наследие, 2005. –184 с.
- 3 Калиев Б., Исакова С. Познавательный казахский язык. – Алматы: Наследие, 2009 –132 б.
- 4 Битибаева К. Пути эффективного преподавания предмета литературы. – Алматы: Рауан, 1990. – 199 б.
- 5 Бисаков С., Болганбаев А., Даулеткулов Ш. Словарь синонимов казахского языка. – Алматы: Издательский дом «Арыс», 2005. – 720 с.
- 6 Болганбаев А. Синонимы в казахском языке. – Алматы, 1957.-6 с.
- 7 Оразбаева Ф. Синонимы прилагательные в современном казахском языке. – Алматы: Школа, 1988. – 315 б.
- 8 Кенесбаев И. Фразеологический словарь. – Алматы: Издательский дом «Арыс», 2007. – 800 с.
- 9 Никитина М.В. Курс лингвистической семантики. Санкт-Петербург. 1996 – 451 с.
- 10 Болганбаев А. Лексикология казахского языка. – Алматы: Школа, 1988. – 216 с.

- 11 Апресян Ю.Д. Избранные труды. Т. 1: Лексическая семантика. Москва, 1995. № 6, – 83 с.
- 12 Сиротина В.А. Лексическая синонимика в русском языке. – Москва, 1979. – 37 с.
- 13 Ключева В.Н. Краткий словарь синонимов русского языка. Москва, 1961. – 7 с.
- 14 Bariya B. Zhakhina and et.(2020) Development of Communication and Speech Skills of Students in the Process of Education// Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment,8, 437-442 p.
- 15 Bariya B. Zhakhina and et (2018)Use of communicative learning technologies for speech activity development of junior pupils//ESPACIOS!ÍNDICES.Vol. 39 (Number 40), p.40-45

Материал поступил в редакцию журнала 30.10.2024

## **Theory of Cognition and Functional Literacy**

B.B. Zhakhina

Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

*The goal of modern education is to cultivate functionally literate individuals with high competence, capable of applying acquired knowledge to meet life's demands and thrive in a dynamic environment. This research examines the methodological foundation of updated educational content, proposing that every subject taught in schools should be approached from a cognitive perspective, aligning with students' life needs.*

*The article emphasizes that qualities such as consciousness, knowledge, skill, culture, and spiritual wealth, inherent to human nature, contribute to the multifaceted nature of cognition. This concept is supported by the philosophical definition of "epistemological theory."*

*It is acknowledged that language plays a crucial role in expanding the cognitive horizon of a student's personality. In this context, the article argues that the Kazakh language, as taught in schools, holds significant social value, making its theoretical study in educational, cognitive, and communicative activities essential from a cognitive standpoint.*

*Furthermore, the article outlines the objectives of language education from the perspective of epistemological theory, addressing key questions regarding the study of the Kazakh language in relation to this theory and its effectiveness.*

*The article asserts that language is a universal phenomenon, involving the interaction of linguistic means that unite form and content. The "word" is presented as the most critical linguistic unit of communicative nature, serving both nominative and cognitive functions. It emphasizes that, for functionally literate use of words in phrases, sentences, and texts, an individual must possess a deep understanding of word semantics. This is further supported by the argument that studying synonyms necessitates an awareness of their semantic nuances.*

*Key words: epistemological theory, personality, open conversation, reflective dialogue, freedom of speech, semantics, lexical unit.*

## REFERENCES

- 1 Myrzaly S. Filosofia. – Almaty: Bastau, 2014. – 648 b.
- 2 Orazalieva E. Tanyndyk kazak tılı. [Educational Kazakh language] (Almaty: Murager, 2005)
- 3 Kaliuly B., Isakova S. Tanyndyk kazak tılı. [Educational Kazakh language] (Almaty: Murager, 2009)
- 4 Bitıbaeva K. Adebiet panın tiımdı okytudyn joldary.[Ways to effectively teach literature] (Almaty: Rauan, 1990)
- 5 Bisakov S., Bolganbayev A., Dauletkulov Sh. Synonyms dictionary of the Kazakh language. - Almaty: Publishing House "Arys", 2005.
- 6 Bolganbaev A. Kazak tilindegi zat esımdık sinonimder.[Noun synonyms in the Kazakh language] (Almaty, 1957)

- 7 Orazbaeva F. Kazırgı kazak tılındegı syn esım sinonimder. [Synonyms of adjectives in modern Kazakh] (Almaty Mektep, 1988)
- 8 Kenesbayev I. Phraseological Dictionary. - Almaty: "Arys" publishing house, 2007.
- 9 Nikitina M.V. Kurs lingvisticheskoı semantiki. Sankt-Peterburg. 1996 – 451 s.
- 10 Bolganbaev A. Kazak tılınım leksikologiasy. – Almaty: Mektep, 1988. – 216 b.
- 11 Apresan Iu.D. Izbrannye trudy. T. 1: Leksicheskaya semantika. Moskva,1995. № 6, – 83 s.
- 12 Sirotina V.A. Leksicheskai sinonimika v ruskom iazyke. Moskva, 1979. – 37 s.
- 13 Klueva V.N. Kratki slovär sinonimov ruskoı iazyka. (Moskva, 1961).
- 14 Bariya B. Zhakhina and et.(2020) Development of Communication and Speech Skills of Students in the Process of Education// Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment,8, 437-442 p.
- 15 Bariya B. Zhakhina and et (2018)Use of communicative learningtechnologies for speech activitydevelopment of junior pupils//ESPACIOS!ÍNDICES.Vol. 39 (Number 40), p.40-45

Received: 30.10.2024

IRSTI 14.35.07

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss4pp287-299](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss4pp287-299)

**A. Ramazanova**

Kokshetau Shokan Ualikhanov University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

## **PREPARING FACULTY FOR INCLUSIVE EDUCATION: STRATEGIES AND TEACHING METHODS FOR WORKING WITH DIVERSE STUDENT GROUPS**

*Inclusive education in higher educational institutions requires a comprehensive approach to preparing the faculty for effective teaching of diverse student groups, including those with disabilities. The aim of this paper is to examine the implementation of inclusive education within higher educational institutions. The article discusses the strategies necessary for the development of faculty in the field of inclusive education. The article begins by discussing the importance of inclusive education and presents potential methods and strategies for working with diverse student groups. It then explores potential strategies for preparing faculty, such as the development of specialized classrooms, architectural adaptations of university facilities, creation of individualized study plans, and ongoing training focused on inclusive practices. It also presents examples of several universities in Kazakhstan that practice inclusive education. Additionally, the paper includes survey results that reveal the faculty's attitudes toward the university's readiness for implementing inclusive education. By integrating these strategies and methods, universities can create a supportive and inclusive learning environment that promotes academic success and social integration for all students.*

*Key words: inclusive education, teaching staff, diverse student group, university, method, professional development, learning techniques, higher educational institutions.*

### **MAIN PROVISIONS**

The basic principles of the state policy in the field of education include equality of the rights of all to receive qualified education; intellectual development of each person, access to education at all levels by the population, taking into account mental, physiological and individual characteristics (Article 3, paragraphs 1, 2 of the law of the Republic of Kazakhstan “About education”) [1].

Since the end of the last century, the development of inclusive education has become the leading direction of educational policy in many countries of the world: the USA, Great Britain, Denmark, Spain, Finland, Germany, Italy, Australia, etc. In general and higher educational institutions, where appropriate psychological and pedagogical conditions have been created for the development and

social adaptation in these countries, learners with mental and physical disorders, with developmental delays, are successfully educated together with their normally developed peers.

Inclusive education is the practice of educating all students together, regardless of any physical, intellectual, social, emotional, linguistic, or other conditions. It is based on the principle that every student should have access to the same educational opportunities and resources. This approach not only benefits students with disabilities or special needs but also enriches the educational experience for all students by promoting diversity, empathy, and mutual respect. For universities to successfully implement inclusive education, it is crucial to prepare faculty to effectively teach and engage with diverse student groups. This involves a combination of professional development, adopting inclusive teaching strategies, and creating an institutional culture that values diversity and inclusion.

Education has always been an organic part of the complex historical processes of cultural development. According to N. N. Malofeyev, in the development of relations between society and the state, the emergence of children with disabilities can be divided into five stages. They are presented in Table 1 [2, 170].

*Table 1. The stages of educational formation for children with special educational needs in Russia and abroad.*

Stage	Stage name	Temporary stage		Stage description	
		Russia	West	Russia	West
I	The origin	VIII-XII centuries BC.	VIII - XII centuries BC.	Church officials' hatred of the disabled people	Recognition and awareness of the need to strengthen the legal status of children promoting legal norms.
II	Understanding learning opportunities	XVII century	XII – XVIII centuries	Charity and the system of first legislative acts.	Teaching learners with sensory disorders. The first special institutions.
III	Learning three stages of hearing, vision, and mentally retarded children.	The end of the 20s of the XX century	early XVIII - XX centuries	Introduction of special education. The evolution of domestic institutions began for learners with special needs	The opening of special educational institutions and the emergence of the first legislative acts on the introduction of special education.
IV	The need to teach all anomalous children.	70s of the XX century	Beginning of the XX - 70s of the XX century	The lack of a law on special education, the qualitative nature of education in special schools, the closure of the system of special boarding schools, the lack of teaching staff and the restriction of parental participation.	Disclosure of coverage of children in need of special assistance, taking into account the type of offenses. Implementation of the «Integration model».
V	The introduction of children with special needs into society.	90s of the XX century	70s of the XX century	Russian society was not ready to integrate learners with disabilities into the general system of social relations and their integration into the general educational system.	Implementation of the «Inclusive model» of children with special needs in the general educational process.



When the question comes to inclusive education in higher educational institutions we may state the authors like Čerešňová Z., Florian L., Black-Hawkins K. [3, 4]. The authors offer methodological approaches to implement inclusive education in higher educational institutions.

Čerešňová Z. proposes distinct ways of implementation inclusive education and explores how inclusive practices can be effectively integrated into academic settings to support diverse student populations, including those with disabilities. From methodological approaches she states effective teaching strategies for inclusive education, including:

1. **Universal Design for Instruction:** The aim of the method is to prefer inclusive teaching methods for a wide range of users rather than simply apply a support service model designed exclusively for students with special/ specific needs. UDI method builds on the basic principles of Universal Design, emphasizing the need for accessible learning for all students, as well as promoting interaction and communication among students and teachers to achieve optimal learning outcomes.

2. **Universal Design for Learning (UDL):** UDL is an educational framework that aims to improve and optimize teaching and learning for all individuals by providing multiple means of engagement, representation, and action/expression. The goal is to create a flexible learning environment that accommodates the diverse needs of all students.

3. **Monitoring and Evaluation methods:** The aim of monitoring is to identify existing barriers and limitations in the accessibility of physical environment, educational programs, services for students, but also the accessibility of various social and sporting events to all students [3, 82-96].

Lani Florian and Kristine Black-Hawkins's research provides a comprehensive examination of inclusive pedagogy in higher education, highlighting its importance in addressing the needs of students with special needs. By focusing on psychological and pedagogical aspects, their work offers valuable insights into how inclusive practices can enhance educational outcomes and foster a supportive learning environment for all students. Her research underscores the need for continued professional development and institutional support to effectively implement inclusive pedagogy.

Florian examines how differentiated instruction can be used to tailor teaching methods to accommodate different learning styles and abilities. This includes providing varied instructional materials, using multiple means of representation, and offering different ways for students to demonstrate their learning. The research explores the application of UDL principles, which involve designing learning environments that provide multiple means of engagement, representation, and action/expression. Florian discusses how UDL can support diverse learners by making educational content accessible in various formats. She emphasizes the role of collaborative learning strategies in inclusive education, discusses how group work and peer support can enhance learning experiences and foster a sense of community among students [4, 813-828].

## INTRODUCTION

The aim of the research is to set out the theoretical materials, providing readers with the objectives of the implementation of inclusive education in the higher educational institutions and demonstrate the results of a pilot project that was done through the survey among the senior-lecturers of the English Language and Teaching Methods Department at Ualikhanov University. The object of the study is preparing faculty for inclusive education. The subject of the study is teaching methods and strategies that help to implement inclusive education. To achieve the aim the following objectives are set:

- 1) Overlook various teaching resources to understand how to work with disabled students.
- 2) Analyze different experiences of inclusive teaching methods and strategies.
- 3) Discover the views of implementation inclusive education in the higher institutions through the survey responses.

The relevance of the study is to demonstrate how to work with diverse student groups in the institutions, using different methods and strategies. The hypothesis of the given study was as follows: Inclusive education in higher education will be effective if universities employ a combination of

international methods and strategies that ensure academic success and social integration for students with special educational needs, as evidenced by improvements in their academic performance and satisfaction with the learning process.

“Inclusive education” as a modern term is considered as follows: to redesign and reorganize educational institutions according to the learners’ needs. Inclusive education is the full inclusion of learners with different opportunities in all aspects of educational process. Full inclusion means that all learners, regardless of the type, defect and nature of the developmental disorder, can study in a general education class, receive additional services when necessary, and benefit from learning with their peers. This situation requires the adaptation of the school space to assess the needs of all learners and a respectful perception of diversity. This is not a sign that learners with different opportunities in inclusive education do not need special help and support in lessons or extracurricular learning, these are all manifestations of different options, and often they are needed by all learners in the classroom.

A singular challenge facing education today is the challenge of providing the best, most effective education possible for children and youth with learning problems. Over the past two decades there has been a proliferation of legislation and federally funded “special”, “compensatory”, and “remedial” education programs designed to ensure educational success for these students [5, 411].

Nowadays the number of students with disabilities in higher educational institutions in Kazakhstan, according to the statistics of 2019, amounts to 1609. Among them, there are 85 students with first-degree disabilities, 358 students with second-degree disabilities, and 1151 students with third-degree disabilities and 15 students have disabilities from the very childhood [6, Chapter 4].

70 out of 119 higher educational institutions (58,8%) have created conditions for the students with different disabilities [6].

